

№49

/Сәрсенбі/

05 Желтоқсан 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙҒАҚ

М Е Д И А



1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Шымкентте жаңа Арбат ашылды. Салтанатты рәсімге Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков, қала әкімі Ғабидолла Әбдірахымов, Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев, Шымкенттен сайланған сенаторлар Дархан Сатыбалды мен Нұрлан Бекназаров, қалалық мәслихаттың депутаттары мен тұрғындары қатысты.

Демалыс орны қала орталығындағы «Қиял әлемі» саябағы жанынан орын тепкен. Бейбітшілік көшесінің Республика даңғылынан Әл-Фараби алаңына дейінгі бөлігі тұтас демалыс орнына айналып, субұрқақтары орнатылды. Көпшілік сейіл



МЕГАПОЛИСТІ ЖАҢА АРБАТЫ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ СҮЙІКТІ МЕКЕНІНЕ АЙНАЛЫП ОТЫР



құратын аймақтағы жаяу жүргіншілер жолы 12 сәулеттік мүсінмен ерекшеленеді. 200-ге жуық сәндік ағаш егіліп, бір бөлігі көгалдандырылды.

Салтанатты рәсімде қала әкімі

тұрғындарды мерекемен құттықтады.

– Өздеріңізге белгілі, Елбасының биылғы 19 маусымдағы Жарлығымен Шымкент республикалық қала дәрежесін алып, жаңа

тарихи кезеңі басталды. Миллион тұрғыны бар мегаполисті күн сайын көрейіп келеді. Міне, мерейлі мереке – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнінде де қаламызда жаңа Арбат ел игілігіне беріліп отыр. Бұл көрікті аймақ Шымкент тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналатынына сенімдімін! – деді Ғабидолла Әбдірахымов.

Шымкенттіктерді мерекемен Зауытбек Қауысбекұлы мен Жансейіт Қансейітұлы да құттықтап, миллионды қалада атқарылып жатқан тындырымды істерді атап өтті. Айта кетейік, Арбаттың ортасында граниттен Қазақстанның атлас-қартасы жасалды. Жалпы ұзындығы 430 метр аймақта көлік қатынасына шектеу қойылып, екі қапталдан велосипедпен серуендеу үшін арнайы веложолық салынған. Ал Арбаттың екі жағындағы үйлердің қасбеттері көріктендірілді.

Ақерке ИСМАНОВА.

ҚАЗАҚТЫҢ АСТАНАСЫ БОЛҒАН ОРЫНБОР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?



Жұмысты аспан кеңістігін алғаш бағындырған Юрий Гагариннің білім алған оқу ордасынан басталды. И. И. Неплюева атындағы кәдет корпусы 1844 жылы ашылған алғашқы мектеп. Мұнда ғарышкер Ю. Гагарин ғарышқа ұшудың қыр-сырын меңгеріп, көкте қалықтауды армандапты. Сол мақсаты жүзеге асты. Тарихта есімі қалған айтулы тұлғамен тереңірек танысып, оның жеке заттары сақталған музейді шарлап шықтық. Юрий Гагариннің құрстасы 85 жастағы Анатолий Быковты кездестіріп, әңгімелестік.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы қазақстандықтарға тағы да бір серпіліс берді. Онда Нұрсұлтан Назарбаев тарихты қайта жаңғыртып, ұлттық мұраларымызды ұмытпауды атап өткен болатын. Осыған байланысты «Айғақ» телеарнасы тағы бір жобаны қолға алып отыр. Қазақстанның астанасы болған 9 бірдей қаланың әрбіріне тоқталып, алдағы уақытта көрерменнің назарына арнайы бағдарлама ұсынбақ. Түркістан облыстық мәслихатының

депутаты Дулат Әбіс бастаған шығармашылық топ желтоқсанның алғашқы жексенбісі күні Шымкент-Мәскеу-Орынбор бағытымен жолға шықты. Мақсаты-Қазақ автономиялық республикасының тұңғыш астанасы - Орынбор қаласында деректі фильм түсіру.

Қазақ пен орыс халқының қарым-қатынастарында Орынбордың орны ерек. Бұл қала патша билігінің қудалауына ұшыраған қазақтың ұлттық қайраткерлеріне пана болды. Мәселен, А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейхан, М.Дулатов секілді зиялылары осында қажырлы еңбек еткен. Орынборда қазақ ұлтының тәуелсіз болуын көксеген I, II съезд өтті. Осының барлығы бүгінде 125 мыңнан астам қазақ ұлты тұрып жатқан Орынбор аймағының Қазақстан тарихында айрықша орны бар байырғы астана екендігін көрсетеді. Қазақ автономиясының алғашқы астанасы болған Орынборда түсірілім жұмысына «Айғақ» телеарнасының шығармашылық ұжымы дүйсенбі күні кірісті.

Жалғасы 3-ші беттерде

Баспасөз – 2019



	6 айға	12 айға
«Айғақта» жазылу	1200 теңге	2400 теңге
Қазпочта (қала)	1639,08 теңге	3278,16 теңге
Қазпочта (ауыл-аймақ)	1750,80 теңге	3501,60 теңге

Сіздің «Қазпочта» және редакция арқылы жазылуға мүмкіндігіңіз бар

АЙМАҚТАҒЫ АЙШЫҚТЫ ЖАНАЛЫҚТАРМЕН ТЫНЫСТАҒЫНЫЗ КЕЛСЕ, «АЙҒАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫНЫЗ!!!



Тағайындау

Ерұлан ЖАМАУБАЕВ -

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі



Ерұлан Жамбаубаев Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалды, - деп хабарлады мемлекет басшысының баспасөз қызметінен.

«Ерұлан Кенжебекұлы Жамбаубаев Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалсын», - делінген бейсенбідегі мемлекет басшысының өкімінде.

Мемлекет басшысының басқа Өкімімен Ерұлан Кенжебекұлы Жамбаубаев басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі қызметінен босатылды.

Жаңа қызметке тағайындалғанға дейін 2015 жылдан бастап Е.Жамбаубаев Қазақстан президенті өкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық бөлімін басқарған. Бұл қызметке ол сол кезде Ұлттық банк төрағасы болып тағайындалған Данияр Ақышевтің орнына келген еді.

ӘЙЕЛДЕР МЕН ҚЫЗ БАЛАНЫ ҚОРҒАУ - МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

ҚР ИМ жүйесінде әйелдер мен қыз балаларға зорлық-зомбылық жасауға қарсы күрестің арнайы бөлімшелері құрылған. Әйел мен қыз баланы барынша қорғау мемлекетіміздің алдына қойған басты міндеті. Ана мен баланың қандай да бір жағдайдағы тыныштығын сақтау мақсатында қаншама іс-шаралар атқарылғаны белгілі.

Қоғам дертіне айналған маскүнемдік, нашарлық, түрлі отбасылық жағдайларды жеңе алмаған ер азаматтар бар ашуын әйел мен баладан алады. Өз зайыбының абыройын спирттік ішімдіктің буына жеңген отағасы әйеліне не көрсетпейді дейсіз? Ұрып-соғып, қысым жасаған еркектер үрейленген әйел түн ортасында далаға қашып шығып, таң атқанша мастығы тарқаған еркектің қасына жолауға қорқады. Мұндайды басынан өткізіп жатқандар қаншама. Бұғанасы қатпаған сөбііне өке бұл қылығын қалай түсіндірмек?

Бұл бала психологиясын бұзу болып есептеледі. Ертеңгі күні оның өмірі, келешек тағдыры не болмақ? Мұны ойлайтын өке барма? Бар тапқанын ішіп-жеп, қала берсе бір шөлмекке, қасықтай нашаға өтімді дүниесін садады.

Шымкент қаласы полиция департаментінің аудандық басқармаларының байланыс телефондары:

2. Әл-Фараби ауданы бойынша Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Г.Моминова, «Сенім» телефоны 33-88-46
2. Қаратау ауданы бойынша Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция лейтенанты Б.Тойшыева, «Сенім» телефоны 39-51-78
3. Еңбекші ауданы бойынша Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры А.Төрбек «Сенім» телефоны 57-02-01
4. Абай ауданы бойынша Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Г.Бектемисова, «Сенім» телефоны 56-02-45

ҰЕҰ «Сана - сезім» 551-200, 551-300

ГРУЗИЯДА АЛҒАШ РЕТ ӘЙЕЛ АДАМ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАНДЫ

Грузияда өткен Президент сайлауында алғаш рет әйел адам жеңіске жетіп, Грузия елінің жаңа президенті болып Саломе Зурабишвили тағайындалды.

Саломе Зурабишвили барлық дауыстың 59,61 пайызын жинаған. Ал, президенттікке үміткерлердің бірі - Григolle Вадвадзеге сайлаушылардың 40,39% пайызы дауыс беріпті.

Зурабишвили өзінің жеңісі - қоғамның жеңісі екенін мәлімдеді.

Бір құттарлығы-Грузияның жаңа президентіне елдегі ең үлкен қалалардың тұрғындары дауыс берген. Тбилисидің 10 аймағы да бірауыздан саясаткер әйелді қолдапты.



«БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАСЫМ МАМАНДЫҚТАР ТІЗІМІ БЕКІТІЛДІ

2019 жылға арналған «Болашақ» бағдарламасы бойынша басым мамандықтар тізімі бекітілді, - деп хабарлады мемлекет басшысының баспасөз қызметінен.

Ақордадан ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен өткен Шетелде кадрларды дайындау жөніндегі республикалық комиссияның отырысынан «Басым мамандықтардың тізбесі 155 мамандықтан тұрады. «Бо-

лашақ» халықаралық стипендиясы аясында тағлымдамадан өту үшін белгіленген санаттар анықталды. 2019 жылға 555 стипендия бекітілді», - деп хабарланды.

Атап айтқанда, стипендия магистратура мен докторантура оқуға, әлемнің жетекші ғылыми және өндірістік орталықтарында тағлымдамадан өтуге жіберілетін 71 үміткерге тағайындалған.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПУТНИКТЕР СӘТТІ ҰШЫРЫЛДЫ

Ағымдағы жылдың 4 желтоқсанында Астана уақыты бойынша 00:32 сағатта ғылыми-технологиялық мақсаттағы қазақстандық екі ғарыш аппараты (FTM FA) ғарыш жүйелері - «KazSTSat» микро-спутнигі мен «KazSciSat» наноспутнигі мен «Falcon 9» тасымалдағыш зымыранымен Вандерберг (АҚШ, Калифорния) ғарыш айлағынан ұшырылды. Ұшырылым штаттық режимде өтті, деп хабарлайды ҚР ҚАӨМ Аэроғарыш комитетінің баспасөз қызметі.

FTM FA мақсаты - жобалау технологияларын жетілдіру, жинау және төменгі орбиталы ғарыш аппараттарын сынау, Жер ионосфераларына ғылыми зерттеу жүргізу, технологиялық жүктемелер (меншікті әзірлемелердің қосалқы жүйелері) үшін ұшу тарихын алу.

Алғаш рет ғарыш аппараттарын құруға ҚР ҚАӨМ Аэроғарыш комитетінің қарамағындағы «Қазақстан Ғарыш сапары» ҰК» «Ғалам» ЖШС мен ҚР ҚАӨМ Аэроғарыш комитетінің қарамағындағы «Ғарыштық зерттеулер мен технологиялар Ұлттық орталығы» Ғарыштық техникалар мен технологиялар институты қатысты.

Айта кету керек, а.ж 23

қазанынан «Ғалам» ЖШС инженерлері «SSL», «Spaceflight» және «SpaceX» компанияларындағы өздерінің әріптестерімен бірлесіп тасығыш зымыранның ғарыштық бастиек бөлігінің модуліне спутниктер орнатты.

Ұшырылым видеосын мына сілтеме - <https://www.spacex.com/webcast> арқылы өтіп көруге болады.

РН Falcon 9 - бұл америкалық «SpaceX» компаниясының орта класты «Falcon» сериялы зымыран-тасығышы, тасымалдағыш зымыранның бірінші сатысында орналасқан ол 9 Merlin сұйықтық зымыран қозғалтқышын қосады. «Spaceflight» компаниясы «Falcon» ТЗ ұшырылымдарының коммерциялық операторы болып табылады.

62 ұшырылымының 60-ы сәтті ұшырылды, олардың соңғылары а.ж 10 қыркүйегінде ұшырылды.

Әлемнің 17 еліне 64 ғарыш аппараттары (15 микро-спутниктер және 49 наноспутниктер) жіберілді.

Осы ұшырылым АҚШ өндірісіндегі тасымалдағыш зымыранымен ұшырылатын спутниктер санынан рекордтық көрсеткішке ие болып табылады.

Елорда.

Бұл аптада кімдер туылған?

05. 12. 1970ж
Ләззат Смағұлова
Жамбыл облысы өкімі аппараты басшысының орынбасары

07. 12. 1953 ж.
Сейітжаппар Жиенбаев
№12 Сарыағаш қаласының мемлекеттік кәсіптік мектебінің директоры

09. 12. 1956 ж.
Иманғали Тасмағамбетов
Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі

10. 12. 1945 ж.
Мұхтар Алтынбаев
Халық қаһарманы

10. 12. 1955 ж.
Маратқали Нукенов
Полиция генерал-майоры

10. 12. 1971 ж.
Ерлан Айтханов
Отырар ауданының өкімі

10. 12. 1950 ж.
Несіп Жүнісбаев
жоғары ұлттық дәрежедегі төреші,
ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

11. 12. 1956 ж.
Мәди Бұғалиев
Шымкент қалалық жедел жәрдем ауруханасының бас дәрігері, м.ғ.д.

Құрметті туылған күні иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

ПОЛИЦЕЙЛЕР ВИДЕОТІРКЕУІШСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН БОЛДЫ

Құқық қорғау органдарындағы жемқорлықтың алдын алу шарасы туралы айтқан ИМ Қ.Қасымов: «Біз жұртшылықпен жұмыс істейтін полиция қызметкерлерін видеотіркеуішсіз жұмыс істеуге жол бермейміз», - деді.

Сонымен бірге, ИМ-нің басшысы ішкі істер органдарындағы жемқорлықтың ағымдағы деңгейіне баға берді.

«Қазір жемқорлық орташадан жоғары. Қазір бұл туралы ашық айтылады, министрдің блогы бар, бүкіл портал жұмыс істейді. Оған кез келген адам полициягерге қатысты шағымын жаза алады. Полицияның жасаған барлық қылмыстың 53-54 пайызын өзіміздің қауіпсіздік бөлімшелерімізде анықтайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі қызметті күшейтіп, қызметтерімізді электрондық форматқа аударамыз, - деді Қ.Қасымов өзінің сөзінде.

Kaz.caravan.kz

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков Алматыда студенттер және шет елдерден келген қандас бауырларымызбен бірқатар кездесулер өткізді, деп хабарлайды Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының баспасөз қызметі.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков Алматыда студенттер мен қандас бауырларымыздың әр жылдары елге оралған өкілдері мен кездесу өткізді. Кездесуге зиялы қауым, шығармашылық және өр саланың өкілдері, жекелеген азаматтар қатысты.

Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде, «Тұран» және Қонаев атындағы университеттерде өткен кездесулерде З.Тұрысбеков Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Халықтың әл-ауқатын арттыру туралы» Жолдауына, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласына кеңінен тоқталып, талдау жасады, мақаланың ел дамуындағы алар орны туралы айтып берді. Төрағаның бірінші орынбасары «Ұлы даланың» қалдырған қайталанбас тарихи мү-

ТҰРЫСБЕКОВ ШЕТЕЛДЕН КЕЛГЕН ҚАНДАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

расы рухани құндылықтарымызды арттыруда арқау болатынын Елбасының бас-тамасымен жүргізіліп отырған жүйелі жұмыс екенін ерекше атап өтті. З.Тұрысбеков жастарды ана тілін ардақтауға, халықтың мәдениеті мен дәстүріне құрметпен қарауға және оны дамытуға үлес қосуға шақырды.

Осы орайда отанға деген сүйіспеншілік, болашаққа деген сенім үшін төзімділікпен қиыншылықты бастан кешірген қандастарымыз туралы ДҚҚ-ның ұйытқысымен түсірілген, «Алыстағы ағайын» циклінен «Ұлы көш» атты фильм көрсетілді.

Фильмде шет елдегі этникалық қазақтардың қаншама қиындықтарды бастан кеше, адам төзгісіз жағдайда Қытайдан Түркияға дейінгі үш мың шақырым жолды



Гималай тауын көктей өткен сапары туралы айтылады. Осы теңдесі жоқ жорықта жолға шыққан ұлы топтың тоғыз ай ішінде оннан бірі ғана Түркияға табан тірейді.

Осындай кездесу оралман қан-

дастарымыздың қоғам және мәдениет қайраткерлері өкілдерімен де өтті. Кездесуде З.Тұрысбеков ДҚҚ-ның атқарған істері мен алдағы мақсаттары туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Ол Елба-

сының тапсырмасы бойынша шет елдерде тұратын қазақ диаспораларымен байланыстың жаңа деңгейде дамып келе жатқанын атап өтті. ҚР Үкіметінің қаулысымен шет елдерде тұратын этникалық қазақтарды қолдаудың 2018-2022 жылдарға арналған жоспарымен таныстырды. Онда қазақ диаспораларының ана тілін меңгеруге, білім алуға, мәдени-гуманитарлық байланыстардың дамуы туралы көрсетілген.

Елбасының бастамасымен құрылған «Отандастар» қоры таяу арада шет елдердегі қандастарымызды қамқорлыққа алып, жүйелі жұмыс атқаруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, З.Тұрысбеков «Отандастар» қорының ДҚҚ-мен бірлесе отырып бірқатар шаралардың атқарғанын атап өтті. Соның ішінде Астана қаласында «Қасиетті қазақ елі» халықаралық фестивалі, «Қасиетті Қазақстан. Туған жерге тағзым» атты тарихи жобаны Түркістан қаласында өткізді.

Кездесу барысында З.Тұрысбеков көпшілік қауымның көкейінде жүрген сауалдарына жауап берді.

ҚАЗАҚТЫҢ АСТАНАСЫ БОЛҒАН ОРЫНБОР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?



(Жылжаспы. Басы 1-бетте)
Ресей Федерациясының құрамындағы Орынбор 1743 жылы негізі қаланған алғашқы бекініс. Оры өзенінің бойында орналасқан. 1920 жылы Қазақ АКСР-нің алғашқы астанасы болды. Сол кездегі Үкімет үйі 3 қабатты ғимаратқа жайғасып, онда еліміз үшін айрықша шешімдер қабылданды. Бүгінде сол тарихи орын ұстаздардың білімін жетілдіретін мекеме екен. Жайық өзенінің бойына жайғасқан қазақтың алғашқы Үкімет үйі болған нысанмен жақын арақ таанысуға мүмкіндік туды. Орынборда Қазақстан тарихына қатысты естеліктер өте көп. Мәселен, осында халқымыздың тұңғыш ұстазы Ыбырай Алтынсарин

1850-1857 жылдары қазақ-орыс мектебінде білім алған. Сол алтын ұяның қабырғасында ағартушының есімі жазылған белгі тас ілуді тұр. Қазақстаннан Ресей жеріне келген біздердің көзімізге бұл оттай басылды. Ал, осы ғимараттың жанында домбыраның күмбірін құлағамызда сыңғырлатып қалдырған күй атасы Құрманғазының ізі бар. Шаруалар көтерілісіне қатысқан Құрманғазы шамамен 1860 жылдары Орынбор қаласындағы түрмеге отырады. Сол жылдары Орынборда бал кеші ұйымдастырылып, темір тордың арғы бетіндегі Құрманғазы көңілді іс-шараға арнайы алдыртылған екен. Аудатты отбасылар жыылған кеште Құрманғазы «Балбырауын» күйін шерткен. Айтулы

күй өнер сүйер қауымның құлағында күмбірлеп әлі тұр. Асы мұраның тарихы осыдан бастау алған деседі. Орынборда жүрген біздер тарихтың қойнауындағы осындай мәліметтерді естідік. Ағартушы ғалым һәм ақын Ахмет Байтұрсынұлы да Орынборда бір кезеңдері еңбек еткен. Байтұрсынұлы үшін Орынбор оның саяси-қоғамдық қызметіне әсер еткен аймақ. Осы қалада өзінің ең жақын сенімді достары Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатовпен бірігіп, тұңғыш рет «Қазақ» газетін шығарады. Ресей Үкіметінің қатаң қадағалауында болса да, Алаш азаматы Ахмет Байтұрсынұлы батыл іске барған. Қазақтың һәм ақыны тұрған үй бүгінде ескірген. Өйтсе де өз құндылығын жоғалтпаған

ғимаратқа 2010 жылы ескерткіш тақтайша ілінді. Міне, осының барлығы Орынбор қаласында қазақ бабаларының ізі қалғандығының дәлелі. «Айғақ» телеарнасының шығармашылық тобы Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында көтерген тарихи құндылықтардың бір парасымен танысып, мұрағатын осындай құнды деректермен толықтырды. Орынборда жүріп кездемізді мақтаныш сезімі кернеді. Неге дейсіз бе? Өйткені, мұнда Қазақстан, Алматы, Түркістан, Қарағанды, Ақтөбе атты көше-

орамалы туралы айтпай кету мүмкін емес. Аймақтың бренд болған шәлі күні бүгінге дейін өте бағалы. Ешкінің қылшығынан тоқалатын орамал туралы ғажайып деректер аз емес. Орамалды алғаш біздің байырғы ата-бабаларымыз тоқып, әдіс-тәсілін көрсеткен екен. Қазақ жұртының қолынан шыққан өнер бүгінде орыс түбіті. Өнге де, жырға да арқау болған сол шәліні әжелеріміз басынан тастамаған. Тіпті, естеріңізде болар жел тимейді, деп белдеріне орап алушы еді. Қазақ автономиясының

қайырымдылық қорының төрайымы Сәуле Тайекешова, «Атамекен» қазақ ұлттық-мәдени автономиясының төрағасы Руслан Чуқеев, Орынбор облысы мәдениет және ішкі байланыс министрінің көмекшісі Олег Безуглый көмек көрсетіп, Қазақстаннан барған біздерді құшақ жайып қарсы алды. Қонақжайлығын танытып, достық ықыласын көрсетті. Қазақ АКСР-нің астанасы болған Орынбор қаласында Айғақтықтар осылайша есте қалар тағы бір күнді өткізіп, ерекше әсер алды. Сапар туралы толығырақ басылымның



лерді кездестірдік. Бұл көршілес екі елдің достығын тағы бір айғақтап тұр. Айтапқысы, Орынбор қаласына келіп түбіт

алғашқы астанасы болған Орынбор туралы осындай тарихтармен танысуға осындағы қандастарымыз қол ұшын созды. «Бейтерек»

алдағы сандарынан оқи аласыздар.

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ, Тогжан НАРБАЙ,

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру мақсатында ҚР Премьер-министрінің орынбасары - Ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев республикалық ақпараттық топты бастап келіп, Шымкент қаласы активімен кездесті.

кент қаласының өкімі Фабиолла Әбдірахымов Шымкент қаласында бірқатар жұмыстар атқарылып жатқанын айта келіп, алдағы уақытта «Шымкент» агро-индустриалды аймағы құрылатынын жеткізді.

Жобада аграрлық секторды экономиканың жаңа қозғаушы күштеріне айналдыру қажеттігі

ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТОПТЫ БАСТАП КЕЛДІ

Мемлекет басшысы Жолдаудың бірінші тапсырмасы ретінде агроөнеркәсіптік кешенді-басым бағыттардың бірі ретінде ерекше атап өтумен бірге, еңбек өнімділігі мен өңделген өнімдерді экспорттауды 2,5 есеге арттыру міндетін алға қойды.

Кездесуде Өмірзақ Естайұлы: «Ауыл шаруашылығы өндірістік кешенін қолдаудың жоспарланған іс-шаралары үш блокқа бөлінуі мүмкін: жүйе, индустрия және нақты инвестициялық жобалар. Өнеркәсіп мемлекеттік тетіктер жетілдіріліп, мем-

лекеттік қолдау көлемі артады. Сондай-ақ, тиімсіз субсидияларды қысқарту жоспарлануда. Жалпы, Елбасының әр Жолдауы – маңызды оқиға. Жолдау аясында Үкіметке нақты тапсырмалар беріліп, негізгі бағыттар айқындалып отыр. Біз экспорттық әлеуетті арттыруымыз керек. Санға емес, сапаға жұмыс істейік. Барлықтарыңызды Елбасының сенімін ақтауға шақырамын», – деді.

Ел Президентінің Жолдауы аясында қолға алынған нақты іс-шараларды атап өткен Шым-

кент қаласының өкімі Фабиолла Әбдірахымов Шымкент қаласында бірқатар жұмыстар атқарылып жатқанын айта келіп, алдағы уақытта «Шымкент» агро-индустриалды аймағы құрылатынын жеткізді.

Жыны барысында сала мамандары мен зиялы қауым өкілдері Жолдаудағы міндеттерді орындау бойынша бірлесіп, ынтымақтастықта жұмыс істеу қажеттігін айтты.

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Шымкенттіктер қазақ халқы үшін ерекше мереке-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін салтанатты түрде атап өтті. Қала өкімі Фабиолла Әбдірахымов барша қала тұрғындарын атаулы күнмен құттықтап, мемлекеттік мерекенің маңызына тоқталды.

– Қазақ Елінің дамуы, бүгінгідей әлемдік аренаға көтерілуі, ел болып қалыптасуы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тікелей байланысты. Тәуелсіздіктің таңы атқан ширек ғасырдан астам уақыт ішінде еліміз толағай табыстарды өңсерді. Бұл жетістігіміз бен шыққан биігіміз – егемендігіміздің, бірлігіміз бен тұтастығымыздың беріктігін айғақтайтын айқын дәлел. Бүгінде Елбасы өзі қолдау танытқан «Болашақ» бағдарламасымен 12 мыңнан аса түлек оқуын бітіріп, елге аянбай еңбек етуде. Елімізде «Нұрлы жер»,

«Нұрлы жол» бағдарламалары табысты жүзеге асуда. Тәуелсіз еліміздің барлық жетістіктері мен жеңістері Елбасымыздың сарабал саясатымен, әр қазақстандықтың табанды да тынымсыз еңбегінің нәтижесінде жүзеге асуда, – деді Ф. Әбдірахымов.

Шымкент қаласының өкімі мұнан соң, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан өз саласындағы үздіктерді «Астанаға – 20 жыл» мерекелік медалімен марапаттады.

Салтанатты іс-шараға арнайы келген қазақ эстрадасының жұлдызы Қайрат Байеменов пен «Формат» тобы, сондай-ақ Шымкенттің белгілі өнер саңлақтары Елбасының даңқты жолын арқау еткен патриоттық өндерді нәшіне келтіре орындады. Концерттік бағдарлама көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

КЕДЕНДІК РӘСІМДЕУДІҢ ЖАА ЖҮЙЕСІ

Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Нұрлан Көшеровтың төрағалық етуімен сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға арналған «Кедендік декларациялаудың кейбір ерекшеліктері» тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, оған «Нұр Отан» саяси партиясының Шымкент қаласы филиалы төрағасының орынбасары Бегайдар Төлегенов, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Дармен Данияр, жауапты мамандар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.



Департамент басшысы Н.Көшеров Мемлекет басшысы «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасында экспорттық және импорттық кеден рәсімдерінен өту кезінде «бір терезе» қағидатын енгізу, электронды жария ету жүйесін дамыту (тауарларды кедендік тазалауға автоматтандырылған жүйені енгізу), экспорт және импорт үшін құжаттар санын және оларды өңдеу уақытын қысқартуды тапсырғанын атап өтті.

Осы мақсатта «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі енгізіліп отыр.

Кедендік рәсімдерді жылдамдату, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың уақыттық және қаржылай шығындарын қысқарту, электронды декларациялау жүйесін енгізу, құжаттар санының қысқаруына мүмкіндік туғызу, алдын ала ақпаратты ұсыну және кедендік декларацияны шығару-аталған жүйенің негізгі мақсаты. Ең бастысы – осы жүйені енгізу арқылы кеден органы мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тікелей қатынасын қысқарту арқылы сыйбас жемқорлық көріністерін азайтуға мүмкіндік туады.

Жиында кедендік бақылау басқармасының басшысы Т.Тұрғанбаев, тарифтік реттеу басқармасының басшысы А.Саметова, кедендік бақылау басқармасының жетекші маманы А.Иманәлиев баяндама жасады.

«Дөңгелек үстелге» қатысушыларға «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінде жұмыс жасаудың негізгі ерекшеліктері, басшылардың азаматтарды қабылдау күні және кеден бекеттерінің байланыс нөмірлері көрсетілген брошюралар ұлестірілді.

Бетті дайындаған: Желтоқсан КЕРІМБАЕВ.

ҮЙДЕГІ КҮШ ҚОЛДАНУ

Үйдегі күш қолдану дегеніміз – бұл бір адамның екінші адамға үстемдік көрсетуі немесе үстемдігін сақтау үшін және сол адамды қадалаудың мінез-құлқы жүйесі.

Отбасында күш қолдану жаңа уақыттағы кез-келген мүшесіне бағытталуы мүмкін. Бірақ, шынайы деректер бойынша үйде күш қолдануға ұшырағандардың көбісі әйелдер қауымы. Үйдегі зорлық – ол қылмыс, сондықтан жазалануға тиіс.

Барлық отбасында жұбайлар арасында талас болып тұрады. Таласта біз өз мәселелерімізді анықтаймыз. Ал егер сіздің серігіңіз шиеленісті шешуде күш қолдану жолын қаласа, онда талас үйде күш қолдануға ұласуы мүмкін.

Отбасында күш қолдану жай ғана таластан басталып, кемсітуге ұласып, оқшаулыққа ұшырап, содан соң шапалақ тарту, ұру күнделікті соққыға жығу, ал кейде өлімге ұшыратады. Үйде күш қолдану циклімен және қорлау актісінің бірте-бірте күшеюімен ерекшеленеді.

Әйелдер мен балаларға қатысты жасалынған үйдегі күш қолдану түрі отбасында және бүкіл әлемде болып жатады. Үйдегі күш қолдану заңға қайшы. Неке туралы куәлік күш қолданудың лицензиясы емес. Қылмыстық заңдар Сіздің отбасыңыздың мүшесі қылмыс жасаған кез келген адамға қолданылмайтын қолданылады. Әрбір зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер ішкі істер органдарына жүгініп, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторларына хабарласып, қызмет атқарып жатқан бөлімшелерден құқықтық жәрдем және кеңес алуына болады.

ҰБҰ «Сана - сезім» 551-200, 551-300.

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Киелі мекенде Түркістан қаласының бас жоспарын талқылауға арналған жиын болды. Жиынға Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев төрағалық етті. Аймақ басшысының бірінші орынбасары Қайрат Нүкенов жобалардың орындалу барысын баяндады.

- Қазіргі уақытта облыс орталығында бой көтеретін жаңа әлеуметтік және мәдени нысандарының концепт-эскиздерін дайындауға бағытталған «TURKISTAN ARCHITECT AWARDS» халықаралық сәулет конкурсына ұсынылған жұ-



мыстар іріктелуде. Елбасы тапсырмасы бойынша салынатын нысандарға жауапты әр облыс әкімдіктері мен ірі компаниялардың өкілдерімен бірлесіп отырып, жол картасы әзірлен-

ді. Нысандар орналасатын аумақтарда жер бөлу жұмыстары жүргізілу үстінде, – деді Қайрат Теміршотұлы.

Облыс әкімі жұмыстардың сапалы өрі уақытылы орындалу керектігін атап өтті.

«Өр жобаның орындалу барысы тұрақты түрде баяндалып тұрсын. Өз тарапымыздан атқарылатын жұмыстар толығымен орындалсын. Құрылыстың сапасына және мерзіміне аса мән берілу керек. Елбасының Түркістанды дамыту бойынша берілген тапсырмасын тиянақты орындауға тиіспіз, – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Кездесу соңында қала әкіміне, облыстық құрылыс басқармасы мен сәулет және қала құрылысы басқармасының басшыларына, жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырмалар берілді.

507 МЛРД. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН 19 ЖАҢА ІРІ ЖОБА ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

«TURKISTAN INVEST», «Цифрландыру орталығы» және «Тұрақтандыру қоры» филиалдары «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының кеңсесі жанынан құрылған. Бүгінде «Түркістан» ӘКК» АҚ - құрылыс, әлеуметтік маңызды жобалар, туризм, инвестиция тарту, цифрландыру, тұрақтандыру қоры сынды бағыттар бойынша жұмыс атқарады. Бұл туралы Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Түркістан» ӘКК» АҚ төрағасы Айтмұхаммед Алдажаров мәлімдеді.

Брифингте TURKISTAN INVEST компаниясының басшысы Әлібек Несіпбеков Түркістан облысында қолайлы инвестициялық жағдай жасап, өңірдің инвестициялық әлеуетін көтеру мақсатында құрылған «TURKISTAN INVEST» инвестициялық компаниясының жұмысымен таныстырды.

«Қазіргі таңда «TURKISTAN INVEST» компаниясында облысқа жалпы құны 507 млрд. теңгені құрайтын 19 жаңа ірі жобаны тарту бойынша жұмыстар басталды. Оның ішінде, баламалы электр энер-

гиясын өндіру бойынша - 6, ауылшаруашылық саласына қатысты - 5, өңдеу өнеркәсібіне қатысты 8 жоба бар. Қазірдің өзінде 4 кәсіпорынның құрылысы басталып кетті. Алдағы кезде барлық жобаларды жүзеге асыру аясында 14 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары пайда болады, деп жоспарлануда. Олардың қатарында жалпы құны 13 240 млн. теңгелік «Эко ПроТех-Астана» ЖШС күн электростанциясы - 20 адамды, құны 95 000 млн. теңгені құрайтын «Standard Petroleum & Co» ЖШС мұнай өңдеу зауыты - 1 000 адамды жұмыспен қамтитын болады, - деді Әлібек Ермұханұлы.

Инвестициялық компания тарапынан әлеуметтік инвесторларға ақпараттық қолдау көрсету мақсатында «InvestIn Turkistan.org» инвестициялық порталы әзірленген. Мұндағы ақпарат ағылшын, француз, қытай, түрік, араб, орыс және қазақ тілдерінде көрсетілген. Бұл порталдың көмегімен инвестор әлемнің кез-келген бұрышынан, кез-келген уақытта өзіне қажетті өңірміздегі инвестицияға қатысы бар ақпаратты алу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл-бүгінгі күннің басты талабы.

Түркістан облысында Цифрландыру орталығы отандық IT-жүйелерін өзірлеушілермен бірлесіп Түркістан қаласында бірнеше пилоттық жобаларды жүзеге асыруда. Мәселен, ағымдағы жылдың желтоқсан айында Түркістан қаласының қоғамдық көліктерінде электронды билеттеу жүйесі жұмысын бастайды. Сонымен қатар, облыс орталығындағы Отырар шағын ауданында көп пәтерлі 10 үйді қамтитын «Ақылды квартал» жобасын жүзеге асыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Түркістан облысының Цифрландыру орталығының басшысы Асылбек Жанғұлов мәлімдеді.



Сондай-ақ, облыстағы ПД-мен бірігіп қауіпсіздік пен бейнебақылауды қамтамасыз ету бойынша бірнеше жобалар жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылдың соңына дейін облыстық ТЖД үшін «112 қызметі» автоматтандырылған жүйесін пайдалануға енгізу көзде-

«АҚЫЛДЫ КВАРТАЛ» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



ліп отыр. «Цифрландыру жобаларын үйлестіруді, сараптамалық қолдауды және

жүзеге асыру шеңберінде 15-тен астам халықаралық және Қазақстандық IT компаниялармен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды. Атқарылған іс-шаралар Түркістан облысына салынатын инвестиция көлемін 30 млн. АҚШ долларына жетуіне және IT-мамандар үшін қосымша жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді деп күтілуде», - деді А.Аспандиярұлы.

Цифрландыру орталығы мемлекеттік органдардың мамандарына, облыстық, аудандық және қалалық әкімдіктерге цифрландыру бойынша жол карталарын әзірлеуде қолдау көрсетеді. Түркістан облысының барлық қалаларының ішінде алғаш болып

Түркістан облысындағы цифрландыру бағдарламасына Сарыағаш қаласы қосылды. Цифрландыру орталығымен бірге ақылды қала – «Sary Agash Digital» жобасы әзірленді.

2021 жылға дейін есептелген жобалар портфелінде 28 жоба бар, олар: қаланы тиімді басқару және осы процеске белсенді азаматтарды тартуды қамтамасыз етпек. Цифрландыру орталығының алдағы жоспары – Ұлттық Геоақпараттық жүйесінің бөлігі ретінде Түркістан облысының Бірыңғай геопорталын құру, сонымен бірге Түркістан облысын цифрландыруға ниетті отандық IT компанияларға цифрландыру жобаларын жүзеге асырулары үшін бірыңғай сервистік модель ұсыну.

Баспа редакторы Шаһризада ДӘНЕЕВА.

Алматы облысы

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫНЫҢ 375 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «ҰЛЫ ЖЕБЕ» МЕМОРИАЛДЫ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ



тың лауреаты, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Б.Нұр-жеев, жастар атынан Ернар Ергали сөз алып, тарихи оқиғаның маңызы, оның бүгінгі күнге берер тәлім-тәрбиесі туралы сөз қозғады.

Мемориалды кешеннің шымылдығы ашылып, шашу шашылды, жиын ән-жырмен өрнектелді.

Орбұлақ шайқасының 375 жылдығына арналған шара аудандық Мәдениет үйінде ғылыми-практикалық конференциямен жалғасты. Онда Талас Омарбеков, Берекет Көрібаев, Нәбижан Мұхаметханұлы сынды тарихшы ғалымдар баяндама жасап, шайқастағы әскери әдіс-тәсілдер, оған қатысқан

Алматы облысының Жаркент қаласында Тұңғыш Президент күніне орай және Орбұлақ шайқасының 375 жылдығына байланысты «Ұлы жебе» мемориалды кешені ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Амандық Баталов, Парламент Мәжілісінің депутаты, қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, тарихшы ғалымдар, қаламгерлер, аудан жұртшылығы қатысты, деп хабарлайды Алматы облысы әкімдігінің ресми сайты.

Жиналған көпшілікке құттықтау сөз арнаған облыс әкімі А. Баталов:

- Орбұлақ шайқасы – қазақ халқының азаттық жолындағы тарихи оқиғаларының бірі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Орбұлақ пен Аңырақайдағы тарихи маңызды жеңістер Азаттықтың ақ туы астында желбіреді», - деп, тарихи толқынындағы ерлікке толы ұлы оқиғаларды дәріптеуге ерекше мән берген болатын. Мемлекет басшысының жақында жарық көрген «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы да біздің ұлттық тарихымызға терең үңілуге, халқымыздың өткеніне, бүгін мен болашағына зор құрметпен қарауға үндейді. Орбұлақ тарихы – сол Ұлы Дала тарихының бір парағы, - деп



атап өтті. Ал, 1993 жылдан бергі Орбұлақ шайқасының зерттелуі мен оны насихаттауға арналған шаралардың бір парасына тоқтала келе, қазіргі ашылып отырған мемориалдық кешен сол іргелі істердің жемісі екенін айтты.

Облыс басшысы өз сөзінде кешеннің авторларына - Ф.Епкеновке, А.Жамханға, А.Жайлаубаевқа көпшіліктің атынан алғыс айта отырып, Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын табыстады.

Мұнан соң Парламент Мәжілісінің депутаты К. Сұлтанов, жазушы, Мемлекеттік сыйлық-

батырлар туралы тарихи деректерді молынан келтіріп сөйлетті.

Жалпы, «Ұлы жебе» мемориалдық кешені негізінен ақ мәрмәр мен граниттен дайындалды. Жобаның құны 278,6 млн. теңгені құрайды. Құрылысын жүргізген мердігер ұйым – «Каган Engineering» ЖШС. Мемориалды кешеннің суретшілері – Фазиз Ешкенов пен Айдар Жамхан, мүсінші архитекторы – Айдын Жайлаубаев. Мемориалдық кешенді тұлпарлы батырлар бейнеленген барельеф пен жоғарыға тік шаншылған жебе мен қалқан құрап тұр.

Маңғыстау облысы



АҚТАУДА ЖАҢА ПЕРИНАТАЛДЫ ОРТАЛЫҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Ақтауда облыс әкімі Ералы Тоғжанов пен денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Ақтаеваның қатысуымен ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай, жаңа облыстық «Ана мен бала» орталығының салтанатты ашылуы өтті, деп хабарлайды Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жалпы ауданы 28 000 шаршы метрді құрайтын жаңа орталық жеті блоктан тұрады. Ол 250 орынға арналған және заманауи талаптарға сәйкес материалдық техникалармен жабдықталған. Мұнда жүкті әйелдерге, босанатын әйелдерге және жоғары қауіпті топтағы босанған әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге, шала туған және салмағы аз балаларға мамандандырылған және жоғары мамандандырылған акушерлік-гинекологиялық және неонаталдық, медициналық-санитарлық және консультациялық диагностикалық көмек көрсетіледі.

«Ең алдымен барлығыңызды Тұңғыш президент күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі ашылған орталықтың негізгі мақсаты облыс тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсету, халықтың медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру болып табылады. Мұндағы біліктілігі

жоғары медицина қызметкерлері тұрғындарымызға сапалы қызмет көрсетіп, халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында аянбай қызмет жасайды деп сенемін. Баршаңызды тағы да қазіргі заманғы талаптарға сай салынған жаңа «Ана мен бала» орталығының ашылуымен шын жүректен құттықтай отырып, Сіздерге мықты денсаулық, еңбекте табыс, отбасы бақыты мен берекесін тілеймін! Дәрігерлік антитарыңызға адал болып, халықтың алғысына бөлене беріңіздер!», - деді облыс әкімі Ералы Тоғжанов.

Перинаталдық орталықта 442 медицина қызметкері жұмыс істейді. Дәрігерлер – 60, оның 11-і жоғары санатты. Медициналық жабдықтармен және ММБ жаратандырылуы 90,2% құрайды. Орталықта өлемнің кез келген нүктесіне онлайн байланыс жүргізу мүмкіндігімен интеграцияланған операциялық бөлме орналасқан. Сондай-ақ, «Prismaflex» және «Magy» бүйрек және бауыр алмастырушы терапиясына арналған жабдық орнатылды. Орталыққа өздерінің микробиологиялық зертханасы қолданса енгізілме. 2018 жылдан бастап жүрек қауауы бар нәрестелерге кардиохирургиялық операциялар жүргізіледі.

Қостанай облысы

ФЕДОРОВ АУЫЛЫНА ТАБИҒИ ГАЗ ТАРТЫЛДЫ



Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов Федоров ауданының 90 жылдық мерекесіне орай ауданға іссапармен барып, Тұңғыш Президент күні қарсаңында табиғи газ желісін іске қосты.

Федоров ауданындағы «Промбаза-7» ЖШС-і салған майлы дақылдарды қайта өңдеу зауыты ағымдағы жылдың тамыз айында жұмысын бастаған. Аталмыш инвестициялық жобаның құны – 1 456,4 млн теңге.

Өсімдік майын өндіру цехының жабдығы Германиядан, рафинация цехының құрылысы Италиядан, майды құю бөлімінің қажетті құралы Ресей мен Литвадан әкелінген. Зауыт жылына 7000 тонна май шығаруға қауқарлы. Өнімді қаптау және сатылымға әзірлеу жұмыстары жапон техникасымен автоматтандырылған. Зауыт жұмысымен тегіс танысып шыққан өңір басшысы өлеуетті тұтынушытабу керектігін айтты. -Мұндай ірі зауыттар өңірге керек. Жергілікті бюджетке қосар үлесі көп және ауыл азаматтары үшін тұрақты жұмыс орны болады. Ендігі мәселе – сатылымға шығу. Нарыққа сұранысқа ие болу керек, - деді ол.

Павлодар облысы

ЭКОЛОГИЯ - БІРІНШІ ОРЫНДА



Павлодарда Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің көшпелі отырысы өтті, деп хабарлады Павлодар облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мәжіліс депутаттары Павлодарда Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне енгізілетін өзгертулерді талдау мақсатында келді. Павлодар облысы еліміздің ірі индустриалды аймағы болып табылады, сол себепті экология мәселесі бұл өңір үшін өте маңызды. Сондай-ақ, 2018 жыл облыста Экология жылы деп жарияланған болатын.

Біз үшін экология мәселелері негізгілердің бірі болып саналады және бұл саладағы проблемалық мәселелерді шешуге ерекше көңіл бөлінеді, - деді аймақ

басшысы Б.Бақауов Қазақстан электрліз зауытының негізінде өткен жылы барысында. Экологиялық тексерістерді өткізу тәсілдерін қайта қарап, экологиялық заңнаманы бұзған үшін өкімшілік санкцияларды қатайту керек. Сонымен қатар жоспардан тыс тексерістерді өткізу құзыретін экология департаментіне

берген жөн. Дөңгелек үстел басындағы кездесуден кейін депутаттар «канатты металл» өндіру бойынша технологиялық үрдіспен таныс болды. Сондай-ақ, депутаттар Павлодар мұнай-химиялық зауытына барып қайтты. Бұл кесіпорында оларға арнап танысу экскурсиясы ұйымдастырылды.



ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫНА - 75 ЖЫЛ

«ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ ЖАҚСЫ»

Қазақстандағы іргелі оқу орындарының бірі М.Өуезов атындағы ОҚМУ-нің құрылғанына 75 жыл. Мерейтой аясында қара шаңырақ оқу орнының тарихында алтын өріптермен жазылған академик Сұлтан Сүлейменовтың ескерткіші ашылды, жаңа тұғызға қондырылды. Салтанатты шара төртінші өндірістік революция аясындағы «өндірістік технологиялар және инжиниринг» атты 5 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты. Салтанат

Орда бұзар 30 жасында ректорлық қызметке келген Сұлтан Сүлейменов Қазақ химия-технология институтын 1959 жылдан 1975 жылға дейін басқарды. Сұлтан Төшірбайұлы оқу орнының материалдық-техникалық базасы мен ғылыми потенциалын өркендету жолында бар күш-жігері мен білімін жұмсады. Ол басқарған жылдар ішінде университеттің бас ғимараты мен А, Б корпустары, 4 бірдей студенттер жатақханасы, «Машат» шатқалындағы демалыс лагері, оқу-лабораториялық және спорт кешендері салынады.

Бүгінгі салтанатты жиынға ОҚМУ-нің әр жылдардағы түлектері, оқытушы-профессорлар құрамы, академиктер, қоғам зиялылары келіп отыр. Барлығы да Сұлтан Сүлейменовтың рухына тағзым жасап, гүл шоқтарын қойды. Ұстазdan шөкірт оза, тұл дейміз. Сүлейменовтың шапағатын көріп, төрбиесін алған Саутс ойл компаниясының президенті, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Серікжан Сейітжанов осынау игілікті істің орындалуына ұйытқы болған. Рухани жаңғырумен астақан айтулы шараға академиктің ұрпақтары, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ұлы Дияр да арнайы келген.

Айналасы аз уақыттың аралығында күрделі жөндеуден өткен университеттің бас ғимараты бұл күні қонақтарға есігін айқара ашты. Еңесесін қайта түзеген ЖОО атап айтар жетістіктері де мол. Ғылыми потенциалдың дамуы мен материалдық-техникалық базаны нығайтуды есімі алтын өріптермен жазылған Сұлтан Сүлейменовтың атындағы мәжіліс залы бар енді. Заманауи жабдықтармен қамтылған үшінші қабаттағы аудиторияның құрылымдалуына да академиктің шөкірті Серікжан Сейітжанов қаржылай қолдау көрсетіп отыр.



орнына тыңнан өзгерістер екеді. Еліміздің барлық ЖООы басшыларын алдымен аталмыш орталықтың тынысымен таныстырды. Мұхтартану аудиториясында, ғалымның жарық көрген барлық кітаптары сөрелерге қойылып, ізденімпаздар үшін қолжетімді болмақ. Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету, тұжырымдалмалық мәселелер мен стратегиялар тақырыбындағы келеді кеңеспен бастау алған жиында, еліміздегі ЖОО-ның оңғы жылдары жеткен жетістіктері тігеле тиек етілді. Әсіресе, шетелдік өріптестермен қатынас арта түскен. Инновациялық жүйедегі бастамалар ел экономикасының қаршыты дамуына үлес қосып отыр.

ОҚМУ-де еңбек нарығындағы сұраныс бойынша 14 мамандық жаңадан ашылды. Бұл - жұмыссыздардың санын азайтуға деген жол. Мұнан өзге азықаралық ынтымақтастық аясында қолға алынған жобалар, студенттердің білімін шыңдап қана қоймай, өлемдік аренадағы іс-тәжірибені оқу үрдісіне енгізуге бастайды. Академиялық үткірлік та алдағы уақытта қарқынды жалғасын табатын болады.

Қара шаңырақ оқу ордасының 1982 жылғы түлегі, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазфосфат ЖШС-нің бас директоры Мұқаш Ескендіров бүгінгі шараның құрметті қонағы. М.Өуезов атындағы ОҚМУ мен Қазфосфаттың бірлескен жобаларының жүзеге асырылуының аясында оқу орнының түлектері бүгінде химия саласындағы алпауыт кәсіпорында жұмыспен қамтылып отыр. Университет жаңынан бұл күні Қазфосфат атты жаңа зертхананың тұсауы кесілді. Химия-технология мамандықтарының үздік мамандарын даярлайтын университет өріптестігі өрі қарай тиімді жалғасын болады.

Айшықты жұмыстардың айқын тірлігі-дегеніміз осы. Кадрларды дайындау ордасына айналған оқу орнының өлемдік реуниингте үздіктердің қатарына ейн жолындағы еңбегі еселене түссін дейміз.

ОҚМУ-де енді Мұхтартану орталығы болады. Дария Қожамжарова университет басшылығын қолға алған күннен бастап, оқу

еткен «Абай жолы эпопеясы аса жоғары бағаланды да, дүниежүзілік әдебиеттің классикалық шығармасы қатарында адамзаттың рухани байлығының алтын қазынасына енді. Жыл сайын қаншама шөкіртің төрбиеленіп, мамандықтың мәртебесін табыстайтын іргелі оқу орнының еңесі қайта түзелді. Бұлай деуімізге себеп, жаңаған, жасарған, бас ғимараттың мерейтой қарсаңында жаңаша келбетке енуі. Марқұм академик Қайрат Исламқұловтыңда ЖОО-на сіңірген еңбегі еселі еді. Бүгінгі шараға арнайы келген жары Бибіхан Исламқұлова университеттің болашағы жарқын екендігін мақтанышпен айтып отыр.

Қазақстандағы іргелі оқу орнының құрылғанына 75 жыл. Алғаш 1943 жылы іретасы қаланған тұста, ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАП ШЫҒАРАТЫН. АРАҒА ЖЫЛДАР САЛЫП, МАТЕРИАЛДЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ НЫҒАЙҒАН ОҚУ ОРНЫНАН ТАЛАЙ МЫҚТЫЛАР ТҮЛЕП ҰШТЫ. ӘСІРЕСЕ, АКАДЕМИК СҰЛТАН СҮЛЕЙМЕНОВТІ ТҮСЫНДА ҒЫЛЫМҒА АСА ДЕМ БЕРІЛІП, САЛАДАҒЫ ПОТЕНЦИАЛ ӨРКЕНДЕДІ. Бұрын бұл алаңда М.Өуезовтың бюсті тұрған болса, енді міне, еңесі ескерткіш бой көтерді. Айтулы күннің қуанышымен ұлт зиялылары да ортақтасты.

ОҚМУ-де енді Мұхтартану орталығы болады. Мереке қарсаңында жабдықталған орталық пайдалануға берілді. Әсіресе, ғылым мен ізденіске бет бұрған студенттер үшін, бұл таптырмас орын. Рухани жаңғырумен астақан шара жалпы жұрттың ықыласына бөленді. Өйткені, Мұхтар Өуезовтың жарияланбаған бірқатар шығармаларымен енді

ӨУЕЗОВ ЕСКЕРТКІШІ

М.Өуезов атындағы ОҚМУ өзінің 75 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Университеттің әр жылдар басқарған ректорлары шараға арнайы шақыртылса, оқу орнының түлектері бүгінгі жиынның құрметті қонағы. Түркістан облысы мен Шымкент қаласының әкімдері, Ұлттық ғылым академиясының президенті жазушы Мұхтар Өуезовтың еңесі ескерткішінің ашылуына мурындық болды. Салтанат

Абай жолы – Мұхтар Өуезовтың әдебиет жолындағы жарық жұлдызы. Әлем әдебиеті алыптарының қатарынан ойып тұрып орын алатын жазушы есімінің кезінде Оңтүстіктегі оқу орнына берілуі тектен тек емес. Қазақ тілінің байлығы мен тазалығын өлемге паш

осы орталықта танысуыңызға болады. Тарихы тереңде жатқан оқу орнына бүгінде тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ұлттық ғылым академиясының академигі Дария Қожамжарова басшылық етеді. Университетте 2018-2018 оқу жылында 18145 бакалавриат, оның 13304 күндізгі, 4180 сырттай, 661 кешкі бөлімде білім алуға. Бакалаврдың мемлекеттік білім гранты негізінде білім алушылар 6 мыңнан асады. Салтанатты шараға арнайы келген Білім және Ғылым министрі ерлан сағадиев Елбасының құттықтау хатын оқып берді. Үш бірдей ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, жарғы гасырдан бері қара шаңырақ оқу орнында мамандарды төрбиелеп, білім беріп келе жатқан Асма Қалыбекованың ұлттық төрбіндегі, оның ішінде салт-дәстүрдің өзегі болар кітаптары болашақ үшін қашан да құнды. Диссертациялық кеңесті 10 жылдай басқарған ол ғылым кандидаттарын даярлауда өзіндік қолтаңбасы бар. Бүгін еселі еңбектің арқасында министрден кезекті рет марапат алды. Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіхалықованың құттықтауын оқып берген Шымкент қаласының әкімі Рабидолла Әбдірахымов та студент жастармен кездесуге қашан да даяр екендігін жасырмады. Лекциялық сабақтар өткізіп тұруға мүмкіндік бар. Бұл оқу орнының басшысы үшін құлаққағыс. Ал, оқытушы профессорлар құрамын бүгінгі мерекемен құттықтаған Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев та білім беру саласындағы басты жетістік мамандардың бөйгеде оза шабуы екендігін мазмұнды айтып берді.

«75 жылдық тарихы бар білім ордасы үшін биылғы жыл толағай табыстарға толы болды. Атап айтсақ, еліміздегі жоғары оқу орындарының рейтингісінде ІІ-орынды иеленсе, QS рейтингісі бойынша өлемдегі 4,5 мың жоғары оқу орындарының ішінде 609-дан 501-ші орынға көтерілді. Бұл осында узақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан оқытушы-профессорлардың ерен еңбегі деп айтар едім. Жалпы Түркістан өңірінде 500 мыңнан аса жас бар. Мұнда оқитын студенттердің басым көпшілігін облысымыздың жастары құрайды. Ендеше, осында білім алып, өз саласының үздігі атанған бітіруші түлектер түркі дүниесінің орталығына айналған Түркістан облысында өздерінің жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асырады, деп сенім білдіремін», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

М.Өуезов атындағы ОҚМУ іні әр жылдары басқарған ректорлар мінберден мөнді орнын тапты. Ырысты ынтымақ пен келісті тірліктің ұйытқысы бола білген бүгінгі басшыға ризашылығын білдіріп, ақ баталарын берді. Дәстүр бойынша ықырамына шапан жапқан Дария Пернешқызының үлгілі ісі ұрпаққа өнеге.

Салтанат ТҮЙБОЛОВА.

МҰХТАРТАНУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі М.Өуезов атындағы ОҚМУ-нің құрылғанына 75 жыл. Мерейтой аясында көптеген іс-шаралары жоспары қолға алынып, бүгін алғашқы отырыс басталып кетті. ҚР ЖОО-ның Ректорлар Кеңесінің көшпелі мәжілісінде бірқатар шетелдік университеттермен келісімшарт түзілді. Ең бастысы, М.Өуезовтың 1954 жылы

жазған, еш жерде жарияланбаған қолжазбасының түпнұсқасы енді ғалымның есімінен келген мемлекеттік университетте сақталатын болды. Қолжазба салтанатты шара барысында университет ректорына табысталды.

ОҚМУ-де енді Мұхтартану орталығы болады. Дария Қожамжарова университет басшылығын қолға алған күннен бастап, оқу

Ынтымақтастық



Қалдыбек СЕЙДАНОВ,

Белгілі әдебиет зерттеушісі, сыншы-ғалым

XX ғасырдың 20 - жылдарындағы қазақ-өзбек халықтары достығы, әдеби-мәдени байланыстары тарихында, Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязи арасындағы достық қарым - қатынастар мен шығармашылық байланыстары ерекше орын иелейді. Өйткені олар, Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиеті мен қазақ әдебиетінің туу, қалыптасу кезеңінде айрықша көзге түсіп, ерекше еңбек еткен ұлы тұлғалар.

Олар Қазан төңкерісін ерекше ыстық ықылас, ерен сезіммен қуана қарсы алып, оны биікке көтере өздерінің жыр жолдарына қосты да, нағыз төңкерісшіл ақын дәрежесіне көтерілді. Кеңес үкіметінің болашағына аса үлкен сеніммен қарап, оны екі ақын да өзінің өлеңдерінде жан - жақты мадақтады. Өз шығармаларында ылғида халықтар достығы мен ынтымақ - бірлігін дәріптей отырып, халықтар достығының бірден - бір жаршысы және күйшісіне айналды.

Оның үстіне, Хамза Хакимзада Ниязи мен Сәкен Сейфуллин шын мәніндегі аса талант иелері екендігін, көркем әдебиеттің барлық жанрларында жан - жақты танытып, Кеңестік дәуірдегі қазақ, өзбек әдебиетінің дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қоса білді.

Хамза Хакимзада Ниязи 1889 жылдың 7 - наурызында, Ферғана облысына қарасты Қоқан қаласындағы тәуіп жанұясында дүниеге келеді. Оның жастық, балалық шақтары, сол Қоқан қаласында өтеді. Ол өзінің өмірбаянында, әкесі жайлы айта келіп: «Әкем Ниязи ұлы 1836 жылы туылып, 16 жасында Бұхараға барып, ескіше халық тәуібі болып оралған» (68) - дейді.

Шынында да, әкесі Ибн Ямин Нияз тәуіпшілік сырларын терең меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімді жан болғандықтан, ел арасында ерекше құрметке ие болады. Өрі 1898 жылдан бастап Хамзаның өзбекше, парсыша сауатты аша түсіп, оның тәлімі - тәрбиесіне айрықша мән береді.

Хамза мектеп жасына толғаннан соң, мектепте оқып білім булақтарынан нәр алғаннан соң, 1899 - 1906 жылдары Қоқан қаласындағы ескі діни медреседе оқиды. Сонан соң, 1908 жылы «Орыс - түзем» мектебінде оқып жүрген шағында - ақ, Лутфи, Науаи, Фузулий, Мұқымий, Фурқат шығармаларынан рухани дүниесін нәрлендіре түсіп, білімін одан әрі жетілдіре бастайды.

1910 жылы Ташкентке келіп оқуын одан әрі жалғастырумен бірге, алғаш рет бала оқыту жұмысымен де шұғылданады. Сонан соң ол, 1911 жылы Қоқан қаласында арнайы мектеп ашып, онда қарапайым еңбек адамдарының балаларын оқыту жұмысымен шұғылданады. Өрі ол, Әндіжан, Бұхара, Қоқан, Наманган, Хорезм өңірлерінде театр труппаларын ашып, ол өңірде білім мен мәдениеттің, өнердің өркендеуіне ерекше үлес қоса бастайды.

Ол өзінің ең алғашқы өлеңдерін мектеп қабырғасында жүрген шағында, «Нихоний» деген бүркешек есіммен «Ғылым ізде», «Оқы», «Мектеп», «Ктап», «Туры сөзді бала», «Ғалым мен ашу туралы» деген сияқты, т.б. тәлімдік - тәрбиелік мәнге не өлеңдер жазады. Сөйтіп ол, 1905 - 1914 жылдар аралығында, 200 ге жуық газеттер мен өлеңдерін «Нихон жырлары» («Девони Нихоний») деген атпен бастырып шығарады.

Оның, 1915 - 1917 жылдар аралығында «Гүл» атты өлеңдер жинағы, «Жаңа өмір» атты прозалық туындысымен бірге, «Улы өмір немесе ғашықтық құрбандары» атты, т.б. драмалық шығармаларын жазып, көрермен жұртшылыққа ұсынады.

Ол 1916 - 1919 жылдар аралығында 5 кітаптан тұратын «Ұлттық өндер үшін, ұлттық өлеңдер» деген жинағын, сондай - ақ «Оқу кітабы», «Жеңіл әдебиет», «Қырағат» (Дауыстап, мәнерлеп оқу) деген сияқты, т.б. тәлімдік - тәрбиелік мәнге ие - педагогикалық еңбектерін де бастырып шығу мүмкіндігіне ие болады.

Хамза Хакимзада Ниязи өзінің отты лепке толы өлеңдерімен бірге, «Ферузаханум», «Бай мен жарлы», «Ферғана қайғысы», «Майсараның айласы», «Жала-



Суретте: С.СЕЙФУЛЛИН

қорлар жазасы», «Пәранжы сырлары», «Кім туы?»), «Сайлау қарсаңында», «Ел құзғындары» сияқты, т.б. драмалық, сатиралық, комедиялық шығармаларымен, Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиетін биікке көтере түседі.

Сөйтіп ол, Кеңестік дәуірдегі өзбек әдебиетінің қабырғасын қалап, шаңрағын көтереді де, өзінің шын мәніндегі ерен талант иесі екендігін барлық жанрларда жан - жақты танытады.

Шынында да ол - аса дарынды ақын, тамаша прозаның болумен бірге, шын мәніндегі талантты драматург, ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. Өрі өзбек қыз - келіншектерінің жүзін жасырып жүретін пәренжесін тұңғыш рет алдыруға, өзінің драмалық шығармаларының қойылымдарында сын астына алып, оның жойылуына өз септігін тигізеді.

Сондықтан да ол, 1926 жылы өзінде - ақ Өзбекстан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің шешімімен «Халық ақыны» деген аса құрметті атаққа ие болды.

Міне, осындай сан қырлы танат иесі болған Хамза Хакимзада Ниязиды, ескі дін иелері, шала сауат қожа - молдалар аяусыз ұрып, соғып, тас боран жасап, өбден азаптап, 1929 жылы, не бәрі 40 жасында өлтіреді.

Әрине, ол, өзінің кең тынысты кемел, жалында поэтикалық туындыларымен, прозалық, драмалық шығармаларымен, өзбек халқының, өзбек әйел - қыздарының бас бостандығы үшін еткен ерен еңбектерімен ешқашан өлмек емес. Жылдар өткен сайын, маңдайы жарқырап, ылғида биіктен көріне бермек.

Егер өзбек, қазақ әдебиетінің XX - ғасырдың 20 - жылдарындағы өзара әдеби - мәдени байланысы, екі халық достығы мен туысқандығы, ынтымақ - бірлігі жайлы ой толғар болсақ, онда Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязи есімдерін ерекше атай аламыз.

Өйткені, олардың өмір жолдары мен шығармашылығында, өзара ұқастық пен үндестік, сарындастық сипаттар аса мол екендігін анық аңғаруымызбен бірге, екеуінің де өзара достық қарым -

қатынаста, шығармашылық байланыста болғандығын да байқау мүмкіндігіне ие боламыз. Мәселен: екі қаламгер Кеңестік дәуірдегі қазақ, өзбек әдебиетінің негізін салу мен бірге, көркем әдебиеттің барлық жанрларында да өндіре қалам тебіретіп, оны биікке көтерді. Өрі, олар өздерінің өмір жолдарында, алғаш рет жастарды оқыту, оларға тәлім - тәрбие беру жұмысымен кеңінен шұғылданады. Өйткені, екеуі де алғаш рет оқытушы болып қызмет атқарады.

Оның үстіне, Сәкен мен Хамза әдебиет майданына алғаш ақын ретінде кіріп келеді де, соңыра проза, драматургия жанрларында өндіре қалам тебіретіп, екі ел әдебиетінде сүбелі үлес қосып қана қоймай, онда өздерінің өшпес іздерін қалдырды.

Сөйтіп, екеуі де өздерінің кең тынысты, кеменгер ақы, тамаша прозашы, аса талантты драматург екендігін жан - жақты таныту мүмкіндігіне ие болған, шын мәніндегі ерен талант иелері дәрежесіне көтерілді. Нәтижеде, екі қаламгер - қазақ, өзбек әдебиеттерінің қабырғасын қалап, босағасын бекітті де, халқымыз арасында шын мәніндегі нағыз халықшыл, Отаншыл, кең тынысты, кемел тұлға екендіктерін жан - жақты

дықтары үшін күресуге шақырады. Міне, мұндай тамаша ой жемістерін Сәкен Сейфуллин де өз өлең жолдарында одан әрі дамытып, жарлы - жақыбайларды жігерлендіре түсіп;

*Жойылсын құлшылық, кемшілік,
Жасасын әділдік, теңшілік,
Бұрынғы қу қысақ жол қалсын,
Өз еркін бұқара қолға алсын.*

Екі ақын өлеңдерінде іштей үндестік, сарынды сипаттар анық аңғарумен бірге, дәуір сырын, замана келбетін терең түсіну жағынан да бір - бірімен іштей қабысып, жымдасып жатқандығын байқау оншалық қиын емес.

Оны біз Хамзаның «Ей, жұмысшылар», «Біз - жұмысшымыз», «Оян!», «Өзбек қыз - келіншектеріне», «Тұрсынайдың зары» сияқты т.б. өлеңдерімен бірге, Сәкен Сейфуллиннің «Жас қазақ Марсельезасы», «Жолдастар», «Кел, жігіттер», «Жұмысшыларға», «Мәрзияға», «Біздің Сәуде», «Келіншек арманы», «Надежда, Умид, Ұмила» сияқты т.б. өлеңдерінде де анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Кейбір әдебиет зерттеушілері, Тәуелсіздік таңының алғашқы жылдарында,

Сәкен

аңғарта алды.

Ылғида олар, халықтар достығы мен туысқандығына, езілген еңбек адамдарының ынтымақ - бірлігіне, олардың болашағына айрықша мән бере жүріп, халықтар достығын, өз Отанын ерекше серпінді әуенмен жыр тоя жоғары көтеріп, өздерінің жыр жолдарына қоса білді де, нағыз төңкерісшіл ақын дәрежесіне көтерілді.

Мәселен, Сәкен Сейфуллин өзінің "Жас қазақ Марсельезасы" атты өлеңінде:

*Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстап, бірігіп тізе қос.
Ту ұстап дұшпанға барайық.
Теңдіктің ұранын салайық.
Түзесін батырған зальмнан
Күн туды - біз теңдік алайық.*

деп, үн қатуы күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан емес.

Ақын барлық нәрсе ынтымақ, бірлікте, достықта екенін терең танып, оны поэзия тілімен әдемі өрнектеп түскен. Мұндай ой, Хамза Хакимзада Ниязи өлеңдерінде де өз шешімін жан - жақты өрі тамаша таба түскен. Мәселен, ақын өзінің "Оян, Түркістан" атты өлеңінде, халықты ынтымақ - бірлікке үндей отырып;

*Қанаушылар, қанқор байлар
құрысын,
Дағар сөлде, шубар шалма шірісін!
Заман енді біздікі ғой, жолдастар,
Жұмысшы мен шаруа бірлес,
жол басқар, -*

дейді.

Не болмаса аса талантты ақынның "Біз - жұмысшымыз" атты өлеңіндегі мына бір жолдарға назар аударалық, онда қарапайым еңбек адамдарын өз бостандығы, өз тәуелсіздігі үшін күресуге шақырады. Мәселен, ақын;

*Біз жұмысшымыз, еңбекшіміз,
Бізде адам ұлымыз.
Ойлайықшы, біз неліктен
Зұлым байдың құлымыз?*

деп ақын, ешкімнен тартынбай, қарапайым еңбек адамдарын өз бас бостан-

Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязиді «Қазан төңкерісін ерекше дәріптеген», «Революция күйші болды», «Революцияны өбден мақтап - марапаттаған», «Күні кешегі Кеңес үкіметін өбден дәріптеген» деп, тырнақ арасынан кір іздеп, теріс көзбен қарау жайлы да ой тастай бастаған болатын.

Сөйтіп, екі тұлғаны әдебиет өлемінен ығыстырып, оқулықтардан алып тастау мәселесі де өз болып, оларды сын астына алып, міней түскен сәттер де қылаң берген - ді.

Әрине, бұл - түгелдей орынсыз. Өйткені, әрбір қаламгер, ақын - жазушы - өз дәуірінің күйшісі, өз заманының жыршысы екендігін, ешқашанда ұмытпағаны - мыз жөн ғой деп ойлаймыз. Өрі жалғыздызда шығармаға тиіспіз!

Өйткені Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязи, Кеңес үкіметіне, оның болашағына аса үлкен сеніммен қарады. Қазан төңкерісі - қарапайым халыққа, күллі еңбекші жұртшылыққа бостандық, теңдік, тәуелсіздік өкеледі деп түсінді.

Шынығында да, Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңдерінде солай болды да. Бірақ, кейін келе - келе коммунистік прагматизм қытымыр саясаты негізінде, күллі халықты ашса алақанында, жұмса жудырығында ұстауды басты ниет еткен, шовинистік көзқарастар барған сайын етек ала бастады да, ол XX ғасырдың 20 - жылдарының соңы мен.

Соның нәтижесінде, Кеңес үкіметі 73 жыл жасады да, ақирі келіп - келіп, өзінше іріп - шіріп, тоз - тоз болып, келмеске кетті.

Рас, Қазан төңкерісінің алғашқы жылдарында теңдік, еркіндік, бас бостандық идеялары кең өріс ала түсті де, ол XX ғасырдың 20 - жылдарының соңына тауы, елді коллективтендіру кезінде, 30 - жылдардың бас кезінен бастап кілт өзгерді.

Нәтижеде, халықтың нағыз «елім», «жұртым», «халқым» деген ұлы тұлғалар - ын, ардақты азаматтарын "Халық жауы" ретінде танып, оқыған, сауатты ел бастай алатын, жөн-жорық көрсететін серкелеріне қырғидай тиді. Елдің,

халықтың қаймағы болған, зейінді де зерделі, халық ұлдары болған зиялылардың барлығы дерлік қуғын - сүргін жасап, азапты вагондарда ұстап, абақтыға жапты. Сибирьге жер аударып, барса келмес ит жеккенге айдады. Ең соңында атты. Міне, сонш бірі, біз сөз етіп отырған Сәкен Сейфуллин болды. Сөйтпін Сәкенді, өзүнен қаны тамған коммунистік партияның қолшоқпарлар «халық жауы» ретінде танып, 1938 жылы не бәрі 44 жасында атты.

Міне, осындай, Кеңес үкіметіне айрықша адал қызмет атқарған, олардың болашағына аса үлкен сеніммен қараған Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязи, өмірлерінің соңғы сәттерінде, опасыздыққа тап болып, өкінішпен өмірден озды. Болмаса екі ақынның екеуі де, үнемі халық жағында болып, Кеңес үкіметінің даму жолына қалтқысыз қызмет атқарған болатын. Екеуі де ылғида қарапайым халықты, жалшы - жақыбайларды, кедейлерді достыққа, бірлікке, ынтымаққа үндеп, оларды революциялық күреске шақырды. Жаңа дүние құрудың, жарқын болашаққа барудың, бас бостандық алудың бірден-бір жолы, қол ұстасып бірігуде, достасуда деп түсінді. Сөйтпін, екі тұлғаның екеуі де төңкерісті, бар даусымен өз өлең жолдарында мақтап - марапаттап ашықтан - ашық


танып Сәкен Сейфуллин өзбек әдебиеті, оның атақты жазушылары туралы маған пойызда айтып берген болатын» (70) — дейді де, одан әрі: «Бізді Абдулла Қадири өз үйіне қонаққа шақырды. Оның үйіндегі қонақтар арасынан бидай өңді, сирек мұртты, сөзге шешен де өзінше бір кісі, аса ақжарқындығымен басқалардан ерекшеленіп көрінді. Ол Хамза Хакимзада Ниязи екен. Сәкен Сейфуллин оны маған «Өзбектің бірінші революционер ақыны» — деп, таныстырды. Сол үйде сұхбатымыздың гүлі - Хамза Хакимзада Ниязи болды» (71) — дейді.

Міне, бұған қарағанда, Сәкен Сейфуллин Хамзаны алғаш Ташкентке келген кезінде - ақ көріп, онымен бұрыннан таныс болған, өзара кездесіп талай - талай сұхбат құрған, деп ой түйюімізге аса мол мүмкіндіктер береді. Өйткені, оны Сәбене: «Өзбектің бірінші революционер ақыны» - деп таныстыруы, Сәкеннің Хамзаны бұрыннан білетіндігі, оның шығармаларына хабары барлығының айғағы десек, ол артық айтқандық емес шығар деген ойдамыз. Сөйтпін Хамза, сол отырыста дұтар тартып, би билеп, өлең айтып, жиялған жұртшылықты өзіне үйіре түседі.

Міне осындай Хамзамен 20 - жылдардың бас кезінде танысқан Сәкен Сейфуллин, Ташкентте болған жылдарында,

на, тіліне ерекше көңіл бөліп, шығармашылық жұмыстармен кең шұғылданады. Мәселен: Ташкент жанындағы «Арғын» елді мекенінде орын тепкен, қазіргі таңдағы өзбек жазушыларының «Дөрмен» демалыс үйінде біраз болады. Сонда біраз дем ала жүріп, ол өзінің «Сұлу терек», «Надежда, Умид, Умила», «Домбрыра» деген сияқты өлеңдерін жазу мүмкіндігіне де ие болады.

Сондай - ақ, сол жылдары Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газетінің 1922 жылғы 14 сәуір күнгі санында «Затқа ат іздеу, ұғынысқа сөз қыдыру» атты мақаласы мен «Маржан» атты өлеңін жариялайды. Оның үстіне, Ташкентте шығып тұрған «Шолпан» журналының 1922 жылғы, 2 және 3 - сандарында, оның «Қызыл сұңқарлар» атты пьесасына арнайы сын материалдар да жарияланады.



Суретте: С.СЕЙФУЛЛИН

труппасында Сәкен Сейфуллиннің драмалық шығармаларын, Хорезм және Қарақалпақ өңірінде жасап жатқан өзбек, қарақалпақ, қазақ, түрікмен және тәжік халықтары арасында кеңінен насихаттап, спектакль етіп те қоя білген. Мәселен, Хамза, 1920 жылы «Сайер» драма труппасын басқарып, Қарақалпақстанға барады. Қарақалпақ елді мекендерін аралап, жер - жерлерде концерттер қояды.

Сөйтпін ол, Қоңырат елді мекеніне де келеді. Осы сапарында ол өзінің «Бай мен жарлы» атты спектаклімен бірге, С.Сейфуллиннің 1920 жылы жазған «Қызыл сұңқарлар», Мұхтар Әуезовтың 1917 жылы өмірге келген «Еңлік - Кебек» драмалық шығармаларын да ала барып, оны туысқан қарақалпақ өлкесінде қойып береді. Сонда Хамзаның өзі, «Қызыл сұңқарлар» пьесасындағы өр мінезді, ержүрек Еркебұлан ролінде ойнайды.

Бұл жылғы Хамзаның сол кездегі шәкірттерінің бірі болған, Қарақалпақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім Төлек Сарыбаев: «Біздер интернатта оқып жүргенде, Хамза екі жігітпен мектебімізге келіп, мұғалімдермен сөйлесті» - дейді де, одан әрі: «Оның негізгі мақсаты мектепте драма үйірмесін құру екен. Мұғалімдер мені шақырып алып: «Міне, осы бала драма — үйірмесін басқаруға қолайлы» - деп, өзін таныстырғанын ескерте келіп, одан соң Хамзаның өзімен жеке сөйлесіп, драматруппа ұйымдастыру қажет екендігін түсіндіргендігін тілге алып: «Мен «Қызыл сұңқарлар» пьесасында Жағыпар ролінде ойнадым» (74), — дейді.

Сондай - ақ, Хамза 1922 - 1924 жылдары Қарақалпақстанда, яғни Хожейліге келіп, сонда интернат директоры болып та қызмет атқарады. Өрі онда, қазақ, өзбек драматруппаларын ұйымдастырып, оған өзбек, қазақ, қарақалпақ жастарын қатыстыра бастайды.

Міне, сонда Хамза мен Хорезм өлкесінде бірге болған, Қарақалпақстанға еңбегі сіңген оқытушы Сыдық Хакимбаев өз естелігінде: «Хожейліде өзбек, қазақ драмтруппасының негізі салынды. (Труппаны Х.Х.Ниязидің ұйымдастырған болатын). Бір рет «Қызыл сұңқарлар» пьесасына мен де қатыстым. Сонда Балкия қыз рөліне қыз таба алмай, менің өзім сол ролде ойнағаным әлі есімде» (75), — деп жазады.

Сөйтпін Қарақалпақстанда, Хамза Хакимзада Ниязи тарапынан дүниеге келген қазақ драмтруппасына Сыдық Хакимбаев пен А. Нұржанов басшылық жасайды.

Міне, бұлар - Хамза Хакимзада Ниязидің, қазақ халқының төңкерістіл ақыны Сәкен Сейфуллинді аса жақсы біліп, оның шығармаларын ерекше бағалап, оны күллі жұртшылыққа кеңінен уағыздағандығын көрсетумен бірге, олардың шығармашылық байланыста, достық қарым - қатынаста болғаны да анық аңғарта түскендей.

Өрі Хамзаның туысқан қазақ халқына, оның әдебиеті мен мәдениетіне сүйіспеншілікпен назар аударған, нағыз интернационалист қаламгер екендігін де анық көрсетеді.

Қорыта айтқанда, кемел де өрен ойлы қос тарлан талант иелері болған Сәкен Сейфуллин мен Хамза Хакимзада Ниязидің үні мен әуендері жылдар өткен сайын, халқымыз арасында кең өріс ала түседі де, олар күллі жұртшылық арасында өз шоқтықтарымен жан - жақты танылып, биіктей бермек.

Өрі олардың, оқырман жұртшылықты ылғида өздеріне ынтықтыра үйіріп, олар бойында достық пен туысқан мейірін, ой - жүйелерін дамыта түсуде, бірден - бір нәрлі тыныс боларына дау жоқ қой деп ойлаймыз.

Хамза

дөріптей түсті. Мұнын несі айып, несі әбес?..

Кейбір тарихи деректерге қарағанда, Хамза 1917 - 1918 жылдар аралығында Түркістанда болып, алғаш рет қазақ халқының өмірі, тірлік - тыныстарымен кеңірек танысқан болса, Сәкен Сейфуллин де ХХ ғасырдың 20 - жылдарында Ташкентте екі рет болып, туысқан өзбек елінің тұрмыс - тіршілігімен жан - жақты танысу мүмкіндігіне ие болады. Мәселен, Хамзаның өмірі мен шығармашылығын жан - жақты зерттей түскен ғалым Рафнар Моминов өзінің «Хамза өмірінің бір беті» деген мақаласында: «...Хамзаның 1917 жылдың қазан айынан бастап, 1918 жылдың наурыз айына дейін, Түркістан қаласында болған 6 айлық кезінде, оның шығармашылығы кең өріс ала түскен, өмірге деген көзқарасы өбден қалыптаста бастаған, елде болып жатқан түрлі өзгерістер мен оқиғалардың терең сырларын анық аңғарған кездеріне тура келеді» (69) - деп, терең байлам жасайды.

Ал Сәкен Сейфуллин болса, 1920 жылдың көктемінде Омбы түрмесінің құрсауынан қашып шығып, «Дүйсенбі Әси ұлы» деген лақап атпен, Түркістан арқылы Орынборға бет алғанда, біраз уақыт Ташкентте аялдайды. Өрі, Ташкент облысына қарасты Арғын аулындағы «Дөрмен» елді мекенінде болады.

Сонда Сәкен, туысқан өзбек халқының тарихы, тірлік - тыныстары мен алғаш рет танысып, өзбек әдебиеті мен мәдениетіне ой өзін қадай бастайды.

Сондай - ақ, Сәкен екінші рет Ташкентке, 1927 жылы белгілі жазушымыз Сәбит Мұқановпен бірге келіп, Октябрь мерекесін осында өткізеді. Ол туралы Сәкен өзінің «Үлкен мәдениет қайраткері» атты, Хамза Хакимзада Ниязи жайлы, өзбек тілінде жариялаған естелігінде: «Сәкен Сейфуллин маған Октябрь мерекесін Ташкент қаласында өткізуге кеңес берді. Біз үш адам — Сәкен Сейфуллин, Ахмет Баржақсин және мен Ташкентке келіп, «Ревью» қонақ үйіне орналастық» - дейді де, онан соң: «Орта Азия халықтарының әдебиетінен жақсы

Түркістан өлкесінің зиялыларына талай - талай лекциялар оқып, әуенді ой түйіндерін ортаға салып отырғандығын да түрлі фактілерден байқаймыз. Тіптен, Сәкен Сейфуллин Ташкенттегі Қазақ - қырғыз педагогикалық институтында 1928 жылы директор болып, қызмет атқарған кезінде, сонда «Қазақ әдебиетінен» лекциялар да оқиды.

Оның үстіне, Орта Азия мемлекеттік университеті (қазіргі — ТашҰУ) жанында ұйымдастырылған «Алқа» атты өлең үйірмені басқара жүріп, онда қазақ, қырғыз, қарақалпақ әдебиеттері жайлы да талай - талай ойлы, толымды сұхбаттар өткізеді.

Бұл ретте, сол жылдары Ташкентте С.Сейфуллинмен бірге болып, Сәкеннің әуенді де ойлы лекцияларын тыңдаған, Орта Азия университетінің сол кездегі түлегі, кейінгі кезде тарих ғылымының докторы, профессор болған Е.Ділмұхаметовтың (марқұм) «Ташкент күндері» атты естелігіндегі, мына бір жолдарға назар аударсақ, онда ойымыз тереңірек ашыла түспек. Мәселен, ол: «1928 жылдың күзінде Сәкен, Қызылордадан қазақ - қырғыз ағарту институтының директоры болып Ташкентке келеді екен», — деген сөзді есіттік. Мұны алғаш айтқан, сол кездегі мұғаліміміз Ө.Тұрманжанов болатын. Қазақ, қырғыз және қарақалпақ студенттері Сәкеннің Ташкентке келуін асыға күтіп жүрді. Ол көп кешікпей - ақ келді де» — дейді де, одан әрі: «Бірінші сабақта Сәкен «Қазақ көркем әдебиетінің қазіргі хал - жайы» деген тақырыпта лекция оқыды. Зал толық толып отырды. Үйірмеіміздің мүшелері түрлі ұлт студент жастарынан құралған еді. Сондықтан да, Сәкен байандамасының аяқ кезінде, қырғыз бен қарақалпақ әдебиетінің өсу жолдарына да көңіл бөлді» (72) — дейді.

Шындығында да, С.Сейфуллин Ташкентте жүрген жылдарында, Орта Азия халықтары әдебиетіне үлкен сүйіспеншілікпен назар аударып, өзбек, қырғыз, қарақалпақ қаламгерлерімен тығыз байланыс жасайды. Өрі ол елдердің әдет - ғұрпына, тағдыры мен табиғаты-

Сондай - ақ, Ташкент зиялылары арасында талай - талай тағымды лекциялар оқып, әдеби айтыстарға, «Мүшәйраларға» қатысады. Міне, сондай Сәкен Сейфуллин қатысқан айтыс — тартыстың бірі, Орта Азия Мемлекеттік университеті жанында, қазақ тілінде шығып тұрған «Кедей айнасы» атты альманахтың 1929 жылғы 4 - санында басылып шығады.

Сәкен Сейфуллин Ташкентте жүрген жылдарында, «Қазақ әдебиеті тарихы» зерттеу жұмысымен де кең шұғылдана жүріп, Орта Азия әдебиетінің өсу, гүлдену эволюцияларына көңіл аударды да, араб тілін үйрету ден қояды.

Бұл жайлы, кезінде Сәкен Сейфуллиннен Ташкентте талай - талай лекциялар тыңдаған, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.Ділмұхамедов: «Тағы бірде үйірме мәжілісін өткізіп болған соң, Сәкенге еріп көшеге шыққанбыз. Жолда бара жатып бір келбетті, ақсақалды өзбек қартына жолықтық. Сәкен ол кісіге иіліп сәлем беріп өтті. «Бұл кісі кім болады?» деген сұрағымна Сәкен: «Өзбектің Әкбарходжаев деген араб тілін көп білетін ғалымы. Қолым тигенде мен осы кісіге барып, араб тілінен сабақ аламын» (73) — деді» — деп жазады.

Өріне, бұл, С.Сейфуллиннің көп тіл білуге ерекше күштеп пен қарап, ылғида үйрену, іздену үстінде жүретіндігін анық аңғартумен бірге, көркем әдебиет сырларын терең танып, оған еркін енуге деген құштарлығының айқын айғағы деуге болады. Өрі бұл халықтар достығы мен ынтымақ, бірлікке, туысқандығына жете мән беріп, оның кемелдене, өркендей түсуіне көп еңбек сіңіргендігін де аңғартады.

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жайт, Х.Х.Ниязи де С.Сейфулинді ерекше қадір тұтты, оның шығармаларына айрықша мән беріп, ерекше көңіл бөлген қаламгерлерден десек, ол да артық айтқандық емес, ол бірден - бір шындық.

Өйткені Хамза, ХХ ғасырдың 20 - жылдардың бас кезінде - ақ, Өзбекстан өңірінде «Сайер» атты театр труппаларын ұйымдастыра жүріп, сол

e.gov

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР
ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

ҚАЙТАЛАМА КҮӘЛІК БЕРУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ АЛЫМЫ

1. “Онлайн төлеу” батырмасы арқылы өтіңіз.

2. Салық органын көрсету және төлемді тағайындау коды (ТТК).

3. Ұсынылған төлем төсілдерінің бірін таңдау (төменде қараңыз).

4. Төлем картасының мәліметтерін енгізу: нөмірі, иесінің ТАӘ, қолданғы мерзімі және CV-код. (бірінші төсілді таңдауда).

5. Жеке кабинетте («Төлемдерді төлеу тарихы» тарауында) төлем туралы чекпен танысу және талап етілген жерге ұсыну
Онлайн төлем төсілдері

Сізге қолайлылығына қарай төлемді ұсынылған нұсқалардың бірімен жүзеге асыра аласыз.

1. Барлық банктердің Visa, Visa Electron, MasterCard, Maestro төлем карталарының көмегімен төлеу, American Express тек «Казкоммерцбанк» АҚ клиенттері үшін ғана, Altyn тек «Қазақстан Ұлттық банкі» АҚ клиенттері үшін.

2. Бір шертүмен төлеу. Visa, Visa Electron, MasterCard, Maestro карта деректерін қайта енгізудің қажеті жоқ.

3. “Еуразия Банкі” АҚ Интернет-банкінгіде және ЕКҚК (есеп айырысу-қасалық қызмет көрсету), “Казпочта” АҚ ЕАҚКК-де және «PayPoint» электрондық ақша жүйесінде шот өтінімін төлеу.

Ескерту: Интернет-транзакцияларын жүргізу қауіпсіздігі мақсатында кейбір банктер төлем карталарына лимиттер немесе қосымша кодтар белгілей-

ді. Егер онлайн төлемді жүзеге асыруда қиындықтар туындаса, Банктегі менеджеріңізге жүгіне аласыз. 1 күн ішінде 3 транзакциядан артық жасауға болмайды.

* Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқ-

сандағы № 99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» кодексінің 31-б. 1-т. сөйкес салық міндеттемелерін орындауды салық төлеуші дербес орындайды, сол себепті салық және өзге де төлемдерді бюджетке төлеуде ағалымыш картаның салық төлеушінің атына ресімделгеніне көз жеткізу қажет.

Егер құжаттарда қателер болса немесе жеке куәлікте немесе туу туралы куәлікке өзгертулерді қалай енгізуге болады

Біздің көбіміз тіркеу құжаттарында әр түрлі себептерге байланысты АХАЖ (туу, некені тіркеу, некені бұзу, қайтыс болуы туралы немесе өзге де куәліктер) қателер және олқылықтар болған жағдайлармен ұшырасады. Бұндай жағдай келесіз болып қана қоймай, болашақта маңыздылығы кем емес басқа құжаттарды алуды қиындатуы да мүмкін. Өз уақытыңыз бен күшіңізді қорғау үшін, қажетті шараларды уақытылы қабылдау керек. Осы мақаладан сіз туу (некені тіркеу, бұзу және т.б.) туралы куәлікте қателер болса және құжаттарда олқылықтар жіберілсе не істеу керектігін және осы үшін қандай құжаттар қажет екенін білесіз.

АХАЖ органдарында қазақстандықтардың азаматтық хал актілерінің жазбалары жүргізіледі, олар құқықтар мен міндеттердің туындауын, өзгеруін немесе тоқтауына әкелетін және құқықтық жағдайды сипаттайтын оқиғалар мен әрекеттерді

белгілейді.

Құжаттарға нақтылаулар, толықтырулар, өзгертулер және түзетулер енгізу үшін қандай құжаттар керек?

Жалпы құжаттарға түзету, нақтылау, өзгертулер және түзетулер енгізу үшін, тұрғылықты жері бойынша өтінішпен АХАЖ жүгіну қажет. Өтінішке әдетте, құжаттарға түзетулер немесе өзгертулер енгізу қажеттілігін растайтын құжаттар қоса беріледі. Төменде нақты жағдайда сіз қажетті құжаттардың толық тізімін біле алатын сілтемелер ұсынылған.

- Тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізуге арналған құжаттар тізімі және тіркеу тәртібі

- Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізуге

- Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізуге

- Әкелікті анықтауды тіркеу және акт жазбаларына өзгертулерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізуге тәртібі

- Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізуге

- Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгертулерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізуге тәртібі

Егер жазба дұрыс болса, бірақ сіз қажетті құжаттарды және азаматтық хал актілерінің жазбаларына қалтына келтіру тәртібін біле аласыз. Ал егер куәлік жарамсыз болса, қайтадан куәлік немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалар алу бетінен біле аласыз.

E-gov.kz

«ТҮНГІ СОТ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ - ТИІМДІ

Республика Жоғарғы сотының төрағасы Сингапурға іс сапармен барғанда «Түнгі соттардың» жұмысын көріп, «Мұны Қазақстан Республикасында да іске асырса болады» деген тұжырымға келіп, елге келген соң өз ұсынысын жасады.

Қазіргі таңда Қазақстан Сингапур соттарының жұмыс тәжірибесіне сүйеніп «Түнгі сот» пилоттық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жобаның тиімді өрі ыңғайлы екенін тәжірибе дәлелдеді.

Шымкент қалалық сотының төрағасы және Шымкент қалалық істер департаменті басшысымен меморандумға қол қойылғаннан кейін, 2018 жылғы 4 маусымнан бастап «Түнгі сот» пилоттық жобасы Шымқалада, яғни Шымкент қаласының мамандандырылған өкімшілік сотымен қаралып келеді.

Пилоттық жобада Қазақстан Республикасының «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 610-бабы 1-бөлігімен, яғни көлік құралдарын, жүктерді, жолдағы және басқа да құрылыс жайлардың немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген, материалдық залал келтірілген көлік жүргізушілер жол жүру қағидаларын бұзғанда, Құқық бұзушы кінәсін мойындаған жағдайда, келтірілген зиян көлемімен және екі тарап таста істі жұмыстан тыс уақытта қарауға келіскен жағдайда өкімшілік істер түнгі уақытта, 18 сағат 30 минуттан 22 сағат аралығында қарайды.

Пилоттық жобаның тиімділігіне келсек, біріншіден, түнгі сотта өкімшілік іс жұмыстан тыс уақытта қаралады, екіншіден, ерте қаралған соттың қаулысы ертерек заңды күшіне енеді, құқық бұзған кезде, полиция қызметкері алып қойған жүргізуші куәлігі иесіне ертерек қайтарылады. Мәселен, бұрын екі тарап істің қаралуын бір ай немесе екі айға дейін күтетін еді. Бұл өрине, уақыт алады. Бүгінде жол-көлік оқиғасынан кейін полиция қызметкері дер кезінде өкімшілік хаттама толтырғаннан кейін, үш тәулік ішінде сотқа жолдайды. Сотта тараптардың көрсеткен уақытысында, яғни талонда көрсетілген мезгілде өкімшілік іс қаралады.

Мәселен, осы күнге дейін қаралған 1123 өкімшілік істердің бәрі дерлік кешкі 18 сағат 30 минуттан кейін қаралғанын айтуға тиіспін. Өйткені, тараптардан сұрауы бойынша «Түнгі сот» пилоттық жобасы қаралған кезде, оның барынша тиімді өрі айтарлықтай ыңғайлы және қолайлы екенін тәжірибе көрсетті. Себебі, жұмыс уақытысынан тыс өкімшілік істің қаралуы кезінде азаматтар жұмыс уақытысында бастығынан сұранып, өуре болмайды. Мәселен, өз тәжірибем сүйенсем, құқық бұзушы дәрігер болып жұмыс жасайды екен. Түнгі соттың уақытысын өзі таңдауға құқылы екенін білгенде қуанды... Сонда дәрігер түнгі соттың қолайлығын және уақытын таңдап келуге мүмкіндігі бар екенін айтып түсіндірді.

Тағы да бір мысал келтірейін. РФ-ның азаматы біздің елден транзит арқылы Қырғызстан Республикасына жүк көлігімен зат алып бара жатқанын, заттарын түсіргеннен кейін Қырғызстан Республикасынан бос қайтпау үшін тапсырыс күтіп отыратынын, зат алып қайтуға әрекет жасау кезінде, тағайындалған сот процесіне келе алмауына байланысты қай уақытта ҚР-нан қайтып өтетінін білмегендіктен, осы түнгі сот жобасы өте ыңғайлы екенін айтқан болатын.

Өрине, жаңа жобаның аты-жаңа жоба. Бастапқыда кемшіліктер де болды. Кейбір тараптарға түнгі сотта тек өкімшілік құқық бұзушылықты мойындаған және екі тарап келіскен, дене жарақатын алмаған жағдайда ғана түнгі сотқа жіберіледі. Ал кейбір жағдайларда жәбірленушілер дене жарақатын ала тура, түнгі сотқа жіберіліп, мән-жай сотта анықталып, дене жарақатын анықтау үшін сот медициналық сараптама тағайындалған кемшіліктер орын алып жатқан.

Тағы бір ескеретін мәселе, полиция инспекторлары түнгі сотқа өкімшілік істерді дайындап, тараптардың талондарына және өтініштеріне қол қойдырып қойғаннан кейін, өкімшілік істер сотқа 5 немесе 10 күнде сотқа жеткізіліп жатыр. Өрине, мұндай жайтқа жол берілеуі керек.

Айсүлу ТЕМІРОВА,
Шымкент қаласының мамандандырылған өкімшілік сотының кеңсе

Астана қаласындағы "Астана" концерт залында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, Астана қаласы әкімі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі және Астана қаласы мемлекеттік филармониясының ұйымдастыруымен тұңғыш рет Қожа Ахмет Яссауидің хикметтеріне қалам тартқан елге белгілі ағайынды композиторлар Серікжан және Әліби Әбдіңұровтардың "Әзірет қонған Түркістан" концертін өтті, деп хабарлады "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің баспасөз қызметі.



лып, рухани тақырыпты зерттеп, музыка арқылы сөйлету жайлы ізденіс жанданды. Нәтижесін бүгін көрдіңіздер. Концертті алдағы уақытта еліміздің барлық аймақтарында, сонымен қатар ТҰРКСОЙ Халықаралық ұйымының қолдауымен Түркия Республикасында өткізу жоспарда бар», - дейді Серікжан Әбдіңұров.

Кеште Қ.А. Яссауидің хикметтеріне жазылған көптеген шығармалар орындалды. Олардың қатарында дәстүрлі өншілердің - «Ей, сопы», «Расулдың ризалығы», Павлодар қаласынан келген вокалдық квинтеттің - «Салауат», «Аш, ей момын, көзінді» шығармалары, қылқобызбен - «Диуани хикмет», баянмен - «Арыстанбаб», «Абыз», скрипка аспаптарымен - «Күй-толғау», дауыс және оркестрмен - «Уа, жаратқан», «Мәңгілік», оркестрмен - «Сүйінші», «Балбал», дауыс,

жаңаша жұмыс жасады. Кеш аясында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының Түркістанға жасаған сапарлары мен рухани астана және Қожа Ахмет Яссауи мұралары мен қолжазбалары жөнінде көрме де ұйымдастырылды. Көрмеде қолжазбалармен танысқан астаналықтар сахнада түрлі аспаптар үнімен хикметтер жайлы тыңдады», - деді "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы.

Астана концерт залының фойесінде 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай ұйымдастырылған «Елбасы және Түркістан» көрмеге қорық-музей қорынан 60-тан астам жәдігер қойылып, үш бөлімге топтастырылды. Көрменің бірінші бөлімінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1985 жылы Қазақ ССР Министрлер кабинеті

Көрменің үшінші бөлімінде Түркістан өңіріндегі киелі орындар мен тарихи ескерткіштер жайында фотосуреттер көпшілік назарына ұсынылды. Қазіргі таңда, 24000-нан аса жәдігері бар "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Қожа Ахмет Яссауи мұраларын сақтап, жинақтап келушілерге үздіксіз қызмет көрсетуге айналысады.

Айта кетсек, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мен күні кеше ғана жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Алтай мен Атыраудың арасын, Ертіс пен Есілдің жағасын мекендеп, Қаратаудан Ұлытауға дейінгі Ұлы даланы жайлаған ұлтымыздың ұлылығына, бабаларымыздың батырлығына ел тағы да бір мәрте қанықты. Ұлы даланың ұлы есімдерін халық жадында мәңгі сақтау арқылы ұлы бабамыз Қожа

ТҰҢҒЫШ РЕТ ЯССАУИ ХИКМЕТТЕРІ

КӘСІБИ МУЗЫКА ТІЛІМЕН ОРЫНДАЛДЫ

Концертке Астана қаласы мемлекеттік филармониясының академиялық симфониялық оркестрі, камералық хоры, жеке орындаушылар және Павлодар қаласынан арнайы келген вокалдық квинтет (өңшілер тобы) қатысты.

«Хикметтер» симфониялық дастаны ұлы бабамыздың «Диуани хикмет» кітабын оқу барысында туған толғаныстарда және «Мәңгілік» дауыс пен симфониялық оркестрге арналған шығармада сазгер Яссауи ілімінің рухани маңыздылығына, тереңдігіне көңіл бөлінген. «Уа, Жаратқан» дауыс пен оркестрге арналған романста Жаратқанның хақ екендігін, күнеларының кешуін, жауапты күннің келетіндігі туралы толғанса, «Қожа Ахмет Яссауи» туындысы ақын және симфониялық оркестрге арналған. Бейт-симфонияда автор жеке орындаушы ретінде ақынды таңдады. Себебі, ол ұлы бабаның өз бейнесі іспеттес. Тыңдармандарға ұлы ұстаз, ақын өзі тіл қатып, хикметтерін халқына өзі оқып тұрғандай

өсер береді.

Қазақстанда алғашқы рет кәсіби музыка тілімен хикметтерді насихаттайтын шығармашылық кеш - Қожа Ахмет Яссауидің соңында қалған телегей-теңіз рухани мұрасын жаңғыртуды мақсат тұтқан.

"Төрткүл дүниенің бас иіп, рухани орталығына айналған Түркістанның қадірі мен қасиеті барлық ұрпақты ойландырмай қоймасы анық. Бүгінгі кеш композиторлық жолымыздағы ең ерекше, өзіндік орны биік шығармашылықтың жемісі деп ойлаймын. Биыл "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне 40 жыл, Түркістан қаласы облыс орталығы мәртебесін алды. Осынау тарихи кезең тұсында перзенттік үлесімзді Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың хикметтерін кәсіби музыка үнімен жеткіздік. Хикметтер жайлы жаңаша мазмұнды дүниені тудырып, ұрпаққа насихаттаудың жаңаша қырын қолға алу жөнінде екі жыл бұрын "Әзірет Сұлтан" қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат досым ой са-



флейта және хормен - «Ясы», симфониялық дастан - «Хикметтер», ақын және симфониялық оркестрмен - «Қожа Ахмет Яссауи» шығармалары бар.

Қазақстан композиторлық мектебінде рухани тақырыпқа алғаш рет қалам тартқан ағайынды композиторлар Түркістан облысы, Отырар ауданының тумалары.

- "Жуырда ғана Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев "Ұлы даланың жеті қыры" мақаласында Түркістан жайлы ерекше тоқталғаны белгілі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай ұйымдастырылған концертте ізгілік пен жақсылыққа жол сілтеп, рухани ұстаз атанған тұлғалар жайлы толғаныстар мен өмір жолдарын музыка арқылы дәріптеу мақсат етілген. Елімізге белгілі композитор, ағайынды Әбдіңұровтар кәсіби музыка мен рухани құндылыққа бай хикметтерді үндестіріп,

тінің басшысы, егеменді, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті тұсындағы, бауырлас Түркия Республикасының Президенттері Тұрғыт Озал, Сүлеймен Демирел, Ахмет Сезар, Абдулла Гүл, Реджеп Тайып Ердоған, Өзбекстан Республикасының Президенті И.Каримовпен, 2018 жылы Түркістандағы ресми сапарларынан сыр шертегін фотосуреттері экспозициядан орын алды.

Көрменің екінші бөлімінде әулиелердің Сұлтаны атанған Қожа Ахмет Яссауи мұрасына арналды. Қожа Ахмет Яссауидің артында қалған баға жетпес мұралары XVIII ғасырға төн «Диуани хикмет» кітабының қолжазба және баспа нұсқалары, XIX ғасырда қайта көшірілген «Рисолле дер адаби тариқат», «Насабнама» шежіресі, ұлы тұлғаның шәкірттері С.Бақырганидің «Диуан» қолжазба еңбегі, Шейх Худайдад Таш-Мухаммед өл-Бухаридің «Бустан uly Мухиббиннің» түркі тілінде жазылған қолжазба еңбегі, Ә.Науандің «Ғазалдары», Софи Аллаардың «Муслик ал-Муттакин», «Әулиенің өсиеттері» еңбегі, Қожа Хафиздің «Диуаны», Имам Мағрудидің «Қиссалары», Әулие Биделдің «Диуан» еңбектері қойылды.

Ахмет Яссауидің рухани мұрасы мен ілімін халық санасында жаңғыртып қана қоймай, қарға тамырлы қазақтың ғана емес, түбі түркі дүниесінің рухани тарихының аша беттерін тануға жол ашылды деуге толық негіз бар.

Түркістанның рухани орталыққа және облыстық мәртебеге ие болуы Қожа Ахмет Яссауи есімімен байланысты екендігі белгілі. Өз заманында-ақ халықтың ерекше ілтипағына ие болып, «Әулиелер Сұлтаны» атанған, кейінгі ұрпақтың да руханият әлеміндегі бағдарын айқындауда жетекші рөл атқарған Қожа Ахмет Яссауи артына баға жетпес

байлық, өшпес мұра қалдырды. Ауызбірлігіне сызат түспей, қандай қиын кыста жағдайда ниет біріктіре алған қазақ халқының тұтастығы Яссауи сілтеген татулық, мейірімділік жолынан бастау алады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Түркістаннан тараған аса қуатты рухани сөулемен нұрланған Қожа Ахмет Яссауи Орталық Азиядағы оның ішінде Қазақстанда да, барлық түркі халықтарының ұлттық рухани ілім жүйесін өрнектеп берді» - деуі Әзіреті Сұлтанның рухани тұлғасын айқындай түседі.

Арыстанбабтың Отырардағы кесенесі мен Қожа Ахмет Яссауидің Түркістандағы кесенелері - қазақтың ұлттық руханиятының аса маңызды орталықтары. Ата жолын ардақтаған әулие бабаларымыз да «Хақ Расулдың сүннетін, Қожа Ахметтің міндетін - өшіре көрме жүректең!» деп біздерге аманаттайды.

Қожа Ахмет Яссауи жалпы түркілік мәдени және дүниетанымдық кеңістіктегі ішкі тұтастықты қалыптап, исламдық құндылықтарға негізделген философиялық-этикалық ар-жадан ілімін жүйелеген рухани тұлға.

Акерке ИСМАНОВА.



Осы уақыт әйелдер үшін өте маңызды кезең. Бұл кезде іштегі шарананың негізгі мүшелері дамиды кез. Дәл осы кезде аналар жұмыстың қарбаластығымен көп эмоционалды жүктеме алады, жиі шаршайды. Қажетті азықтықтарды дәр кезінде қабылдай алмайды. Соның өсерінен іштегі балада дерт пайда болады.

Ананың күтінү жолдары:

Азықтану Баланың дамуына оң әсер ететін дәрумендер қажетті мөлшерден аз болмауы керек. Ол үшін В1, В2, D, E, F дәрумендерін тұтынған дұрыс. В1: тауық жұмыртқасы, сиыр сүті, сиырдың бауыры, түйе бұршақ, т.б. тағамдарда болады. В2: ірімшік, жұмыртқа, балық, бұршақ, майы. D: өсімдік майы, сиыр еті, балық, жұмыртқаның сарысы. E: сиыр сүті, балдыркөк, өсімдік майы. F: балық майы, зәйтүн майы, құрғақ жемістер. Сондай-ақ, құрма жемісін көп тұтынуда айтылған дәрумендердің көбі бар.

Жаман әдеттен тыйылу:

Шылым шегуді, алкогольді ішімдіктер мен газдалған сусындарды ішуді шектеу. Улы, химиялық заттардан аулақ болу (татуақ, маникюр, педикюр, шаша бояу, түрлі-түсті крем).

Суықтан сақтану

Жазды күні жеңіл киінбеу, гигиена сақтау үшін, аяқ киімді жалаң аяқ кимеу керек. Себебі тырнақ астына түрлі микробтар кіріп кетуі мүмкін.

Көңіл күйдің тұрақтылығы

Бала ана құрсағында жатып, 3-4 ай болғанда сыртқы дыбыстарды естіп, сезе бастайды. Сонымен қатар, сырттағы дауыстарды ажырата алады. Тәрбие құрсақтан басталғаны дұрыс. Баланың дұрыс дамуына ананың көңіл-күйі мен жайлы мінезі, отбасындағы бірлік пен береке, жылы қарым-қатынас тіке әсер етеді. Жүктілік кезінде әйел адамға ашулануға, жылауға, ренжуіе болмайды. Керісінше көңілді жүру керек. Көңілді өлең тыңдап, бесік жыры, ертегі айтудың маңызы зор. Аяғы ауыр ана күнделікті тұрмыста, мейірімділікті, сүйіспеншілікті және бауырмалдылықты қажет етеді. Сол себепті құлақпен тыңдаған, ауызбен айтылған және көзбен көрген жақсы сөз әрекеттер құрсақтағы бала үшін маңызды.

Жас ана өмірге сау денелі ұрпақ әкелу үшін жүктілік кезінде дұрыс күтіну қажет. Өмірде кездесетін түрлі балалар ауруы осы жүктілік кезінде дұрыс күтінеуден келіп шығатынын айта кеткеніміз абзал. Сондықтан ата-аналар не нәрседен сақтану керек екенін төменде қысқаша айтып өтуді жөн көрдік. ҚР еңбек кодексінде көрсетілгендей, аяғы ауыр әйелдер жүктілік кезеңінің 7-айынан бастап декреттік демалысқа шығады.



Жүктілік

КЕЗІНДЕГІ ЕСКЕРЕТІН ЖАЙТТАР

Физикалық күш жұмсау мен демалу Болашақ ана жүктілік кезінде денсаулығына қатты көңіл бөлу керек. Мәселен, ауыр салмақ көтеріп, шамадан тыс шаршауға болмайды. Кеш ұйықтаудан сақтанған дұрыс. Себебі, шығыс медицинасы бойынша айтқанда, адамның ағзасында физиологиялық сағат болады. Әр сағатта әр органының өзінің демалу, дұмыс істеуге белсенді уақыттары белгіленген. Ал, 23:00-ден 03:00-ге дейін бауыр, өт ағзаларының демалу уақыты екен. Сол үшін де дәл осы уақыт жүкті әйелдердің күш-қуат жинайтын кезі.

Дәрігерге тексерілуінің маңызы

Жүктіліктің 6-шы аптасында гинеколог дәрігердің тіркелуіне алынған дұрыс. Себебі, баланың дұрыс жетілген-жетілмегенін арнайы аппараттық көмегімен ғана анықтауға болады. Жайшылықта бала дұрыс дамып келе жатқан сияқты көрінгенімен, түрлі дерттердің болуы ғажап емес. Алдыңғы балалары шетінеген, түсік тастаған болса немесе

қандай да бір гормондық, генетикалық үйлесімсіздіктің туындауынан секемденген жағдайда, жоғары технологиялық мүмкіндіктері бар, жақсы жабдықталған арнайы мекемелерге қосымша қаралған артық болмайды.

Жүктілік кезіндегі тазалық

Жүкті әйел тазалыққа өте көңіл бөлгені жөн. Жеке тазалық пен үй тазалығына немқұрайлы қарауға өсте болмайды. Әсіресе, іш киімді таза ұстау керек. Өйткені, қынап арқылы түрлі бактериялар жатырға еніп кетуі мүмкін. Ал үй тазалығына мән бергенде ғана құрсақтағы бала дұрыс жетіледі. Үйдің ауасын күніне бірнеше рет алмастырып тұруды, сондай-ақ, таза ауада серуендеуді күнделікті дағдыға айналдырған жөн. Бір

айта кетерлік жайт, үйде үй жануарларын (ит, мысық, үй құстары) ұстамау керек.

Жүктілік кезіндегі киіну

Жүкті әйелдер арнайы жүктілікке арналған киімдерді кию керек. Өйткені, алғашқы 4-5 айда құрсақ тым біліне қоймағанымен, 5 айдан кейін тарлық ете бастайды. Жүкті әйелдер биік өкшелі аяқ киім, тар шалбар, ашық-шашық киімдерді кимегені дұрыс. Өйткені, осындай жағдайда олардың қан қысымы өрлеуі, аяқ тамырларының кеңеюі, ұсақ буындары ауруы, суық өтуі мүмкін.

Қимыл-әрекеттің пайдасы

Кейбір жүкті әйелдер көп қимыл жасайды. Ал кейбіреулері еріншек тартып, көп қимылды ұната бермейді. Үлкен өжелеріміз осы күні келіндеріне «Көп қимылдандыр, сонда босану жеңіл болады!» деп айтып жататынын жиі естиміз. Сол кісілердің сезінде үлкен ғылыми негіз бар. Себебі, көп қимылдағанда бала өз уақытымен дамып, жетіледі. Ал егер қимыл-әрекет аз болса іштегі бала өз қалпынан тыс өсіп, толғақ кезінде

біршама қиындықтарға ұшырайды. Әрекетсіз әйелдердің толғағы ұзағырақ болады. Ол үшін әр кезеңге байланысты арнайы жаттығулар жасау керек (йога). Тым болмағанда үй шаруасымен көбірек айналысқан жөн. Жүктіліктің соңғы кезеңінде босану барысы туралы арнайы курстар бар. Бұл курстардың жас аналар үшін үлкен пайдасы бар екенін айта кеткен жөн. Дүниедегі ең сулу әйел ол - жүкті әйел. Қазақ жүкті әйелге үлкен құрметпен қараған. Көп істерден тыйым жасап отыраған. Өжелеріміз жүкті әйелдерге ақыл-кеңес беріп, болашақ ұрпақтың ақылды, зейінді, өнерлі болып, дүниеге келуін тілеген.

«Жас-Ай» журналы, 2018 ж.

«Жас-Ай» Халықаралық медициналық орталықтың Шымкенттегі филиалының мекен жайы: Шымкент қаласы, Бәйдібек би даңғылы №47/1 үй, Байланыс телефондары: 8 778 000 57 38

ЕЛДЕ ЗИЯНДЫ ХИМИЯЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ АЯҚТАЛДЫ

Қазақстанда зиянды химиялық кәсіпорындарды лицензиялау аяқталды, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

Хабарда айтылғандай, ҚДСҰО-ның бір топ сарапшылары ҚР ДСМ басқаруымен Тбилисиде өткен химиялық заттарды басқару мәселелері талқыланған кездесуіе қатысты.

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының бір топ сарапшылары ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің басқаруымен Тбилисиде (Грузия) өткен «Шығыс Еуропа және Кавказдың кейбір елдерінде химиялық заттарды тиімді басқару үшін, ұлттық жүйелердің негізгі элементтерін құру» жобасын енгізу жөніндегі бірінші жиынына қатысты.

Іс-шараға ДДСҰ-ның Грузиядағы елдік кеңесінің басшылығы, Германия, Грузия, Қазақстан және Беларусь Республикасының өкілдері және т.б.

қатысты.

Жобаны ДДСҰ-ның Еуропалық аймақтық бюросы ұсынды. Орындаушысы: ДДСҰ-ның қоршаған орта және денсаулық жөніндегі еуропалық орталығы. Жобаның серіктестері – Қазақстан, Грузия және Беларусь Республикасы.

Жобаның мақсаты: қатысушы елдер арасында химиялық заттарды тиімді реттеуін енгізу бойынша тәжірибемен алмасу; Химиялық заттардың ұлттық регистрін және химиялық заттар туралы ақпаратпен алмасу, онлайн-жинақтау үшін техникалық база құру; ұлттық деңгейде Химиялық заттарды тиімді реттеу жөнінде жол картасын әзірлеу, халықаралық және ұлттық деңгейде Жоба туралы хабардарлықты арттыру.

Қазақстан бойынша жобаны іске асыру бойынша үйлестіруші орган – ҚР ДСМ

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы.

Кеңесте Қазақстан делегациясы елде химиялық заттарды басқару жөніндегі ахуал және жобаны енгізу бойынша жоспарланған іс-шаралар туралы баяндама жасады. Түгендеу жүргізілгені және мемлекеттік тіркеу жүйесі енгізілгені, химиялық заттар мен пестицидтерді паспорттау туралы айтылды. Қауіпті заттарды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қауіпті өндіріс объектілерінің жұмыс істеуі бойынша талаптар заңнамалы түрғыда бекітілді. Қауіпті химиялық кәсіпорындарды лицензиялау аяқталды. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жүйесі жетілдірілуде. Республика Роттердам, Базель, Стокгольм және қауіпті химиялық заттар мен олардың қалдықтарының айналымын бақылау бойынша басқа да конвенциялар бойынша халықаралық міндеттемені қабылдады. Химиялық заттарды



басқару бойынша 10-нан аса халықаралық жобалар іске асырылды.

Сонымен қатар, Қазақстан делегациясының мүшелері 3 жыл бойы, яғни 2018 – 2021 жылдары кадрларды оқыту; ақпараттық базаны қалыптастыру; заңнаманы жетілдіру; аурудың өршу төуекелін болжамау бағдарламасын әзірлеу және химиялық қауіпсіздік ахуалды мониторингтеу; Хи-

миялық заттардың ұлттық регистрін құру және енгізу, Ұлттық жол картасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілетіні жөнінде хабардар етті.

Кеңес барысында барлық министрліктердің, ҰЕҰ және ҚР халқының күшті шоғырландыруын талап ететін үш елдің ұлттық деңгейдегі қысқа мерзімді міндеттері айқындалды.

Астана.

«СУ – ТІРШІЛІК НӘРІ»



Жер бетінде ең көп тараған зат ол-су. Су күнделікті тұрмыста, өндірісте, егістікте пайдалану үшін қажет. Адам тәулігіне 3-4 литр су ішеді. Адам баласы тамақ ішпей, бір айдан астам өмір сүре алмайды. Ал сусыз үш күнде өмір сүре алмайды. Су адамның дене температурасын тұрақтандырады, ұйқыны жөнге келтіреді, көзге жанар және біздің ағзамызда қан жасалуын реттейді. Осы ретте, Шымкент қаласының №21 «Ертарғын» бөбекжай балабақшасында «Су-тіршілік нәрі» атты тақырыпта ашық оқу қызметі ұйымдастырылды. №11 «Құлыншақ»

тобының тәрбиеленушілері арасында ұйымдастырылған шараның мақсаты бөбектердің арасында табиғат сыйы су туралы білімдерін бекіту, әртүрлі тәжірибе жасау арқылы қызығушылығын, әуестігін арттыру және судың пайдасын, құндылығын бағалауға, үнемі пайдалануға тәрбиелеу.

Топтарға бөліп, шараның әр бөлімін көзбен көруге әрекет ету арқылы бала санасына сіңіру-шараның басты мақсаты. Яғни, көру арқылы қабылдаған бала есінен өмір бойы есте есте шығармайтындығы психологиялық тәжірибеде дәлелденген. Оқу бағдарламасының ербір бөліміндегі судың күйін кейіпкер ретінде таңдап алынып оларға жан бітіру-балаларды ерекше әсерге қалдырды. Ертегілер әлеміне еніп кеткен балалар судың тіршілікте маңызды екеніне көздері жетті.

У.ПУХАРБАЕВА,
№21 «Ертарғын» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі.

«ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ»

Бала міндетті түрде қоршаған ортасын танып-біліп өсуі тиіс. Сондықтан да, балабақша қабырғасынан баланың дүниетанымының кеңес бергені дұрыс. Ал сол қоршаған ортадағы жануарлар әлемі бала үшін таңсық дүние. Әлеуметтік орта, қатынас, шығармашылықты бала бойында шыңдауда балабақшада өтілген сабақтың маңызы зор. Бүлдіршіндермен өткізілген «Жануарлар әлемі» сабағының мақсаты да тәрбиеленушілердің жабайы жануарлар мен үй жануарлары туралы білімдерін арттыру. Үй жануарларымен тіршілік табиғатымен, қадір-қасиетімен таныстыру. Балалардың сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту, Балаларды жануарларды күтіп баптауға, табиғатты сүйуге, қамқоршысы болуға тәрбиелеу және сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сабақ барысы сәлемдесу, ғажайып сөз, ойын, сергіту, жұмбақ жасыру, шығармашылық жұмыс және қорытындыдан тұрды. Барлық әдіс-тәсілдер баланың жануарларды ажырата білуге көп септігін тигізді деген сенімдемез. Себебі, олар өзінің іс-әрекеті, көзбен көру, дауыстарын есту арқылы қай жануарды қалай сипаттау керектігін сабақ арқылы жадыларына тоқып алды.

К.ХАЛДАРБЕКОВА,

№21 «Ертарғын» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.

Адам баласының өмірді, айналы танып білу білімі балабақшадан басталады. Себебі, туылғаннан кейінгі өз отбасынан кейін, ортамен танысу дәл осы білім мекемесінен басталады. Сондықтан, Шымкент қаласындағы балабақша тәрбиешілері ортамен бүлдіршіндерді жан-жақты таныстыруды жақсы қолға алған. Осы ретте қатынас, әлеуметтік орта және шығармашылық білім саласы қолға алынған ашық оқу әдіс-тәсілінің әрекеті тіл дамыту мен экологияны танып білуге бағытталды. «Төрт түлігім-

«ТӨРТ ТҮЛІГІМ – ЫРЫСЫМ»

ырысым» атты ашық сабақтың мақсаты үй жануарлары жайлы түсінік беру. Үй жануарларының аттарын атап және олардың пайдасы туралы білімдерін дамыту. Сондай-ақ, сабақ барысында балалар төрт түлікпен қоса олардың төлдері туралы, олардың дауысын ажыратуды және адам өміріндегі пайдасы туралы кеңінен мағлұмат алды.

Төрт түлік қазақ халқының тұрмыс-салтында рөлі айырықша. Сондықтан да, кез-

келген баланың төрт түліктің қасиетін, оның адам өміріндегі маңызын біліп өскені дұрыс. Себебі, ежелден қазақ халқының байлығы да, бары да осы төрт түлікпен есептелетін және осы үй жануарлары арқылы күнделікті өзіне пайдалы азықтарды алып отырды. Сондықтан да, баланың бойына өзіміздің салт-дәстүрімізді сіңіріп өсіру - біздің еншімізде.

С.САМЗЕЕВА,
Шымкент қаласы
№21 «Ертарғын» бөбекжай-

БҮГІНГІ ҚЫЗ ЕРТЕНГІ КЕЛІН



«Бүгінгі қыз - ертенгі келін» тақырыбында Сарыбекова Райса, Жайынова Қарлығаш, Бақбаева Гүлбараш, Бердіқожаева Сәуле, Ешмұратова Зейнегүл, Дәрменова Райхан әжелер, Сағындықов Бөгенбай атамыздан құрылған «Асыл әжелер» тобы №48 жалпы орта мектебінде 2018 жылғы 19 қазан күні іс-шара ұйымдастырды. Іс-шараға мектеп өкімшілігі, ұстаздар, 8-11 сынып қыздары қатысты. Қазақта «Ұлдың ұяты - әкеде, қыздың ұяты-шешеді», деп өке мен ана баланы өз қарауларына бөліп алған. Егер қыз баланы анасы дұрыс тәрбиелемесе, қателігі үшін, ең алдымен ата-ана жауапты болған. Қыз баланы

жаратылғанына олар мән бермейді. Сондықтан, қыздарымызға жарасымды киім киіп, инабатты болу керек. Әжелеріміз қыз бала тәрбиесіне байланысты қыздардың теріс қылықтардан аулақ жүруіне көріністер қойып, баянның сүйемелдеуімен өндер орындады. Іс-шара өте жақсы өтті. Мектеп директоры Байболатова Ақмарал Каналқызы әжелерімізге осындай іс-шара ұйымдастырғанына алғысын білдірді. Жұмыстарына сөттілік тіледі. Қыздарымыз «Асыл әжелер» тобына өз алғыстарын жаудырды.

Е.МАМЕШОВ,
№48 жалпы орта мектебінің ұстазы.

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАПАЛАРДЫҢ ОЙПАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық дамытушы ойындарды, танып-білімді қолдану, балаларды, заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиеттеріне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп, бала топтары жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойлай білуге,

ойын ережесін сақтауға әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есте сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейін, қиялы дамытады. Жалпы ойындар ұйымдастыру ойын өткізуге өзіндік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз, импульсивті болғандықтан қабылдау, есте сақтау мүмкіндіктері жақсы болады.

Ойындар мазмұнына, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті, рольдік қойылымдық, құрылымдық, дидактикалық ұлттық ойындар болып бөлінеді. Тіл дамыту, сауат

ашу сабақтарында да рольдік, сюжеттік ойындарды қолдануға болады. Рольдік ойындар мектепке дейінгі балалардың өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзаққа, қысқа да болуы мүмкін. Балалар ойын үстінде көңілдер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер, т.б ірі құрылыстар салады. Дидактикалық ойындар кышкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Оның арғы тегі ойынды өлең қимылы мен ұшғартау негізінде көп нәрсені үйрететін ойындар.

Дүрия МАМБЕТОВА
№21 «Ертарғын» бала-бақшасының тәрбиешісі.

Қазақ тілі - ұраным!

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашанда егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін емес. Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес соңғы жүз жылда бірде-бір толас тапқан жоқ. Ұлы Абайдың заманы айтағанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұновтар бастаған алып топ тіл мәселесіне ерекше мән беріп, оның шексіз байлығын, суреткерлік қуатын, бейнелігімен саздылығын көркемдік сапаға жеткізді. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу – мемлекеттік қызметкерлердің ең басты біліктілік талабына айнала бастады. Қазір мұндай талап қойылатын лауазымдар саны күн өткен сайын артып келеді. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан тіл мәселесі аса күрделі мәселе болып отыр. Тіл мәселесінің өте нәзік екендігі, оның зорлықпен емес тек ғана шынайы ынтықпен ғана ыңғайланатын шаруа екендігі белгілі.

«Тіл туралы» Заңның 4-бабында: «Қазақстан халықтық топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан

Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Үкімет, өзге де мемлекеттік жергілікті, өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті» - делінген.

Бүгін шын мәнінде ел болашағына, ұлт руханиятының өсіп, өркендеуіне үлкен үлес қосылатын жүйелі бағдарлама жобасы жасалды. Ал тілдің өзі – тарих. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық маңғыны. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс. Ана тілі – ең басты байлығымыз. Менің ана тілім - қазақ тілі.

С.БАЙЫМБЕТОВ,
ИЧ-167/11 мекмесінің РЖСБ аға бақылаушысы, әділет тарихшысы.

л, ауыл адамдары қолдарындағы тайыншаның немесе ірі қошқарлардың қораның ішінен ың-дыңсыз жоқ болып кететініне бастары қатып, не істерлерін білмей, дал болып жүрді. Қасқыр алды дейін десе, түнде иттердің үріп, шулағанын естімейді. Өдетте, бір топ малға қасқыр шабатын болса, жолында кездескен малдың тамағын тістеп, қырып сала беретіні белгілі. Ал, қорадан екі мал ғана жоғалады да, қалғандары өте үрейлі жағдайда үйіріліп қораның бір бұрышына үйіріліп тұрғанын көріп аңтаң болған жұрт бұл адамнан келген нәубет деп жорыған. Неде болса, осы ауылдың ішінде біреу бар, сырттан келген ұрылар малдың қалай, қай жерде қамаулы тұрғанын қайдан білсін деп ауылдағы бір-екі күдікті адамның атын көрсетіп аудандық милицияға артып жазып еді, одан да ештеңе шықпады. Қайта әлгі арызда дәрсеткен адамдардан бастары тауса қалып өрең құтылды.

Бүгінде қою қараңғылықты пайдаланған Арлан түн ауа, серігі көрі қаншықты ертіп таудың етегіне түсіп келеді. Бұл қаншық өткен күзде аңшылардың қоршауында қалып, жап жас бөлтiрiктерiн қорғаймын деп жүрiп, кеудесiн оққа тосқан Арлан қасқырдың серiгiнiң анасы едi.

«Иә, сол күні Арлан мен көрі қаншық екеуі аңға кетіп, Арланның серігі ана қасқыр тұса ауа Ақтүйгін шыңының күнгей беткейіндегі апанға қарай бөлтiрiктерiн ертiп, жер ауыстыру үшiн бiр таудан екiншi тауға қарай келе жатқанда, ойламаған жерден қыраттың арғы бетiнен шыға келген аңшылардың қоршауында қалғанын түсiнiп, қалың тоғайға қарай жалт бұрылып, бөлтiрiктерiн ерте жорты жөнелгенiмен жүрiстерi өнбедi. Бiр топ қасқырды көрген аңшылар алғашқыда аңтарылып тұрып қалады да iркiлiп барып қасқырлардың артынан қуа жөнеледi. Қуып келе жатқан аңшылардың бiртiндеп жақындап келе жатқанын сезген ана қасқыр бөлтiрiктерiн адам жүре алмайтын қалың тоғайдың iшiне бастап кiрiп, су жағалай тiк жардың жағасымен кiшi апанның iшiне кiргiзер-кiргiзбес өзi жақындап қалған аңшыларға жотасын жалт еткiзiп көрсете өзендi секiре өтiп ашық алаңға қарай бар күшiн салып қаша жөнеледi.

Аса ірі қасқырдың жазықтау жермен қашқанын байқаған аңшылар үлкен қасқырды олжалайтын болдық деп, аңшылықтың қызуымен қасқырдың артына түсіп, қуып береді.

Ана қасқыр болса жазықтау ашық алаңдағы әр тасты паналай қашып келеді. Бір-екі атылған мылтықтың оқтары жан-жағынан зу-зу етіп өтіп жатыр. Енді сәл ғана күшін жинап, анау алдындағы қыраттан асса, ары қарай бұрылыс-қалтарыспен, ойлы қырлы беткеймен аңшыларды барынша кіші апаннан алысқа өкетсе, қалған жас бөлтiрiктердi аман сақтап қалуға болар ма деген сенім болды.

Аңшылар да қасқырдың ойын сезгендей, жан-жақтан қоршай отырып, тау етегіндегі үлкен жарға қарай қаумалай бер-

ді. Тау ішіне қараңғылықтың тез түсетінін білетін аңшылар уақыттың созылмауын, ал ана қасқыр уақытты барынша соза беру керектігін ойлады. Яғни, бірі қуып жетуге, екіншісі барынша апаннан алысырақ кетуге асықты.

Алдын ала қауіптің бола-рынын сезсе де, ана қасқыр алған бетінен қайтпады. Кері бұрылса аңшыларды бөлтiрiктерiн жасырған апанға алып барады. Жас бөлтiрiктердi аман алып қалудың жалғыз жолы, ол алда күтіп тұрған ажал оғына кеудесін тосып, тек алға ұмтылу еді...»

Осыдан бір күн бұрын ауылдың сыртынан қандай мал қай қорада қамаулы және ол жерге қалай бару керектігін алдын ала өбден ойластырып, пысықтап алған Арлан, қасындағы көрі қаншық екеуі өте сақтықпен ауылға жақындап келеді. Тек түн ортасы ауа терең ұйқыға кеткен ауыл адамдары оянып кетпесе болды.

Арлан ауылға келіп қорадағы

жас қасқырларды таудың ішін бойлай жайлаудан да ары асып, Ақтүйгін шыңын бетке ала сол баяғы үлкен апанға қарай кете берді.

Жол-жөнекей еліктің жас екі ешкісі, бір жас шошқа кездесіп соларды қорек еткен ата қасқыр бір түнеп, алда әлі ұзақ жол барын, ертеңгі күннің қандай болатынын сезіне жылдамдата жортып. Бойында қорқыныш емес, қайсарлықтың белгісі барын түсінген ол, кең қапталдай кеудесін таудың салқын самалына тосып, бір күш-қуат алғандай адымдай басып тау шыңына қарай өрлей берді.

Дәуіт кешегі Әбу ақсақалдың сөзін қайта-қайта есіне алып көп ойланды, ұйқысы келмей біраз уақыт ары-бері аунаумен болды.

Таң ертең ерте ояңған ол, таудың тап-таза құстар ауасымен терең дем алды да, балаларымен түнімен күзетте болған көмекшісін оя-

АРЛАНЫҢ АЖАЛЫ

қорғансыз малдарды қырып кетуден өсте аулақ болатын. Қызыл етке қызығып ашқарақтық жасаса ертеңіне-ақ адамдар от шашатын мылтықтарын ала ізге түсіп, мұның бөлтiрiктерiне дейiн қырып салуы өбден мүмкiн. Адамдар тауға шықса бұлар шыңның тайғанақтығынан жылдам жүрiп қашып құтылуы екi талай. Осының бәрiн еске-ген көкжал ауылға жақындаған сайын өте сақ жүрiп келедi. Ол иттерден емес, адамдардан сенкенедi. Әр кез ауылдың қорасына жақындағанда ауыл иттерi Арланның исiн сезгеннен-ақ бұған қарсы тұрмақ түгiлi, ауыстарын шығарып үре де алмай, қыңсылап, құйрықтарын кеуделеріне қысып, үйшіктеріне кіріп жатып қалады. Бұл көкжал қасқырдың рухының ауыл иттерінен сондай жоғары екенін көрсетеді.

Бүгін де өз міндетін керемет орындап, қорадан үлкен көк шоқарды аса ептілікпен алып шыққан көрі қаншық артына бірде бір рет қарамай тауды бетке алып барады. Ол Арланның да олжалы келетінін сезетін және оған әр кез аңға шыққанда арқа сүйейтін. Бнылға олардың ауылға соңғы шығулары еді.

Көктемнің ісі күннен күнге жақындап келеді. Көкжал қасқырдың дәл қыс түсерде-ақ алдын-ала сезгеніндей көктем ерте келді. Күн жылысымен жабайы аңдар да көбейе бастады. Қыстан жас қасқырлардың аман шыққанына қуанды. Енді бөлтiрiктердi көрi қаншыққа қосып, аң аулаудың қыр-сырын үйренсiн деп қорықпай жiберу бегуге де болады.

Алыстан көп дүбірдің келе жатқанын сезіп, тауды өрлей біраз жоғары шығып, айналасына байыппен бағып отырған Арлан көз ұшындағы Көкжонан қора-қоза қойлардың асын түсіп келе жатқанын көреді де, үлкен апанға кетуге бекінді. Ерtesiне көкжал асықпай өзі бас болып,



АЖАЛЫ

– Сырттан, сен үйге бар, тамақтанып келерсің, – деп еді төбет түсіндім дегендей денесін дір еткізіп сілкінді де қосынға қарай жорты жөнелді.

Аттың үстіндегі ерге аяғын қойып, әрі қарай түйе тастың басына өрмелей көтерілген Дәуіт, төбет Ақтүйгін жақтан не көрді екен деп тау шыңына көзін көлеңкелеп, ары-бері барлау жасағанымен, ештеңе байқай алмады. Сонда төбет шыңның басына құлағын тіктейтін неге ұзақ қарады, әлде бөтен біреулер жүр ме екен деп тағы да қадалып қарағанымен көзге ештеңе ілінбеген соң, шыңның ар жағынан шуағын шаша көтеріліп келе жатқан күннің өсем көрінісін тамашалап біраз тұрды.

Қосынға жақындай берген Сырттан жаңағы тау беткейінде соңынан бөлтiрiктерiн ертiп шыңға қарай асықпай өрмелеп бара жатқан көкжал қасқырдың алапат күшін сезінгендей денесінің дір еткенін байқады. Бірақ бойында қорқыныш емес, жаңа күш құйылып жатқанды өзін еркін ұстады.

Қойшылар таудағы жайлауға көшіп келгелі күннің көзі күрт өзгеріп, екі күннің бірінде қар аралас суық жаңбыр жауумен болды. Өрісті алысқа созырып жая алмай, онсыз да қыстан енді ғана шыққан және жаңа төлдеген уақ малдар өлсіреңкіреп, суық қар аралас жаңбырдың ызғарына төтеп бере алмай, алды шығын бөтен бастады.

Дәуіт анасымен кенесе отырып, бүгін кешке қойшы ауылдағы барлық шопандардың басын қосып жағдайды айтып, қолхоздың орталығына адам жіберіп «бір мезгіл болса да малдарға жем беру үшін көмек сұрату» жөнінде ақылдасу

үшін, көмекшісі Мүсірге қойшылардың үйіне арнайы барып кешке біздің үйден тамақ іштеу шақыр деп тапсырма берді де, өзі мал соңынан еріп жайлауға шығып кетті.

Ертерек өріске өріп кеткен малдың соңында тастардың тасасы мен сай-салада қозы-лақтар жатып қалмады ма екен деп айналасын шолып асықпай келе жатты. Енді ғана жотаға шығып малдардың қай бағытқа қарай жайылып бара жатқанын байқайын, деп қарай беріп еді, алыстан отарының бір жерге іріліп тұрғанын көреді. Бұл несі тағы деп астындағы қарагердің бүйірінен аяғымен түртіп қалып, тездете желіп жақын келсе, шыңында қойлар маңырай жамырап, үйіріліп тұр екен. Бұларға не болды, малды тастап төбет қайда жүр, оның мұндай әдеті жоқ еді ғой деп атымен екіпіндей келсе төбелеу жерге келгенде төбетінің баяғы түйе тасқа шығып алып еш қимылсыз, тастан қашап қойған мүсіндей қатып, алыстағы сайдан көзін алмай қарап отырғанына тандана жақындай берді. Төбет болса несінің келе жатқанын сезсе де, әдетінше еркелеп, жайрандап қарсы алмады.

Бір тосын жайттың болғанын түсінген Дәуіт те төбет отырған түйе тастың жанына келіп, иті қалаала қарап тұрған тұсқа көз салғанда алыста сайдың етегінде біріннің артынан бірі еріп бара жатқан алты қасқырды көрді. Иесінің қасына келгені төбетке күш берді ме әлгі қасқырлар кетіп бара жатқан тұсқа қарап «Ауф, ауф!» деп екі рет үріп еді, бір топ қасқыр бұлар тұрған жаққа бірдей бұрылып қарады да, жүрістерін жылдамдата ойпаңға түсіп көзден таса бола берді.

Төбет енді ғана иесіне еркелей орнынан тұрып, «қайда жүрсің, неге кешіктің» дегендей жөні ғана «ауф-ауф!» деп айналынып бір шолып өтті де түйе тастан секіріп түсті.

Бұл Дәуіттің тәнертеңгі тамағын ішіп, анасына өзінің ойын айтып, көмекшісіне тапсырма беремін деп жүргенде, сөлі кідіріп отарға келген беті тұғын.

Көрі қаншық бастаған бес бөлтiрiк бұдан үш күн бұрын гана жайылып жүрген бір топ қойға жолығып, олардың төрт-бесейін тістелеп-жаралап, екі-үш жас тоқтыны олжалап апандарына жеткізіп бір тойтандан болатын. Балаларының олжалы келгеніне ата қасқыр да риза екендігін білдіріп жатты. Сол азығы таусылып бүгін де көрі қаншық бастаған бөлтiрiктер ертеңгі қараңғылықты пайдаланып, тағы да жем іздеп шыққан беттері еді. Алыстан бір отар уақ малдардың жотадан асып түсіп, шашырай жайылып жатқанын байқаған көрі қаншық қасындағы жас қасқырларға қыңсылап белгі беріп отарға қарай жүрісін жылдамдатып, жорты жөнелді.

Бірақ, көрі қаншық көп қойға бес-алты жүз метрдей жақындап қалғанда бірденнен сезді ме, екі құлағын тіктейтін жан-жағына қарап, тоқтап қалады. Бірақ қойлардың ісін алып қалған жас бөлілер жүрістерін алғашқыдан да жылдамдатып, көрі қаншықтың берген дыбысына құлақ аспады.

КӨШ БАСЫНДАҒЫ ОҚМУ-ІМ!!!

Уақыт көші алғажылжып, жыл сайын әрбір орта мектепті бітірген тағы бір толқын үлкен өмір арнасына келіп қосып отырады. Әрине, әркім өз өмірінің сәулетшісі. Десе де, жас түлектердің таңдаған мамандығы төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат тұтқан еліміз үшін де маңызды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дәстүрлі Жолдауында «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын ұсынып, жастарға техникалық білім беруге баса назар аударғаны белгілі. Индустриалды-инновациялық дамуға бет бұрған бүгінгі кезеңде сұранысқа ие мамандықтар басымдық беріліп, 2018-2019 оқу жылына жоғарғы білімі бар мамандарды даярлауға 53 594 грант, магистрларды даярлауға 12 504 грант, PhD докторларын даярлауға 2 240 грант бөлінген. Мемлекет тарапынан техникалық мамандықтарға көп грант бөлінгендігі атап өткен жөн. Ал жақсы мамандықты оқып, игеру үшін бөсекке қабілетті, білімді де білікті мамандар даярлауда үздіксіз ізденіс жолындағы, іргелі оқу орны таңдау керек екені анық. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындар жүйесінің көшбасшылары арасында үшінші орынға иеленген, 75-жылдан астам тарихы бар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті сіздерге алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті - өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны. Университет жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңістігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілген фундаменталды

және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған кең көлемдегі білім, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндірістік негізіне ие.

Университетте 2018-2019 оқу жылында 18145 бакалавриат, оның ішінде 13304 күндізгі, 4180 сырттай, 661 кешкі бөлімде білім алуға. Бакалаврлардың мемлекеттік білім гранты негізінде білім алушылар саны - 6085 студент. Магистратурада білім алушы 1182 магистранттың 1038-і мемлекеттік білім гранты негізінде, 133 докторанттың 106-сы мемлекеттік білім гранты негізінде білімдерін арттыруда. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті жұмыс берушілердің ғаламдану шартындағы әлемдік нарық шартының өзгеруіне бейімделген, заманауи техника және технологиямен жұмыс жасай білетін, ойлау қабілеті жетілген мамандарға қажеттілікті қанағаттандыру үшін жұмыс жүргізуде. Біз Қазақстанның болашағын дайындап жатқанымызды нық сеніммен айта аламыз, себебі біздің түлектеріміздің көпшілігі Қазақстан қоғамының элитасын құрастырды және еліміздің даму бағытының қалыптасуында ат салысады. Бұл біздің маңызды нәтижесіміз, біз онымен мақтан етеміз және болашаққа деген сеніммен қараймыз. Сіздердің университетімізге шақырамыз! М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетіне қош келдіңіздер!

А.ОТУНШИЕВА,
А.ТОҚТАБЕК,
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҚМУ, «Механика және мұнайгаз ісі» факультеті, «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының магистрі, аға оқытушылары

Мен Ишманов Ербол Искакұлы 2018 жылдың қараша айының 25 күні Орал қаласынан Шымкент қаласына дейін Саратов-Алматы №008 пойызды 7 вагонына жолаушы болып №33 орынға жайғастым. Поезд Орал станциясынан қозғалғаннан кейін жолсеріктердің, яғни Жақсыбаева Гүлшат және Шамшаев Исламбектің жолаушыларға көрсеткен қыз-

жолаушылар алғыстарын білдіріп өз станциясынан түсіп жатты, осыны көріп отырып, интернет жүйелерінде және инстаграм жүйелерінде жолсеріктерді қаралап жатқан-



ЖОЛСЕРІКТЕРГЕ МЫҢ АЛҒЫС

меттері, әр жолаушының көңілін тауып, төсек орнын салып, вагон іші тазалығын күніне 4-5 рет жуып, тазалап және вагонды қыс мезгілінде жылы ұстап, өз үйіне қарағандай вагондарында әрдайым шай қойылып тұрды. Осылайша, халыққа қызмет жасап, өз жұмыстарын тиынақты атқарып келе жатқан жолсеріктерге вагонда келе жатқан барлық

дарға қарап, бес саусақ бірдей емес екеніне көзім жетті. Алматы-Саратов пойыз бастығына А.Қалмұратов мырзаға да алғысымды білдіргім келді. Қазақстан теміржол басшылығына және Алматы қаласы Оңтүстік жолаушылар тасымалдау филиалының барлық басшылығына да рахметімді білдіргім келеді. Осындай жол-

серіктерді үйретіп, қызмет жасауға жолға шығарып отырғандарыңызға мыңда бір алғыс білдіргім келеді. Разы болғаным сонша, Осы бригаданы «Айғақ» редакциясына барып, өз алғысымды газет арқылы жеткізім келді. Құрметті Теміржолшылар келе жатқан 16-желтоқсан Егемендік мейрамдарыңыз құтты болсын.

Ізгі ниетпен

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат ананы қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан, да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу-қазіргі балабақшадағы үнемі ісін өзекті тәрмақтарының бірі болып табылады. Табиғатпен таныстыру - балалардың танымды дамытудың басты құралдарының бірі. Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты - табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып, құту табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат- бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау - экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары арқылы жүргізіледі.

Сәуле САРТБАЕВА
№21 «Ертарғын» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

«ӘРІПТЕР ӘЛЕМІ»

Баланың сауатын ашып, жазуға бейімдеу бағытында әріптер әлеміне саяхат үлкен септігін тигізеді. Өйткені, балалар әріптермен қатынас кезінде, қызығушылық танытады. Олар өтілген әріптерді қайталап, әріп пен дыбысты айырмашылығы, дыбыстардың дыбысталу ерекшелігіне қарай дыбыс түрлерін ажырата білуге талпынады. Әсіресе, ертегілер мен ойындар арқылы оқуға. білімге деген қызығушылықтарын арттырып, тілдік қорын дамыта алады.

Тәрбиеші ретінде айтарым, жеткіншектердің қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейтіп, оны сүйе білуге тәрбиелеудің маңызы ерекше. Ашық сабақ кезінде әсіресе, ертегілерді сахналау, кеспе әріптермен айналысу, сиқырлы ағаш, алты ойыш қақпақ сынды көрнекті құралдарды пайдаланған кезде, жеткіншектер бірлесіп жауап беріп, ынта-ықылас таныта түседі. Мұны өз тәжірибемнен көріп отырмын.

Мектепке барғанда әріптерді таумен бірге, олардың ішінде қайсысы дауысты, қайсысы дауыссыз екенін ажырата білетін болса, тілдік қорды толықтыру кезінде қиналмайды. Сабақ кезінде бүлдіршіндерді сергітіп алу үшін әріптерді қимыл жасау арқылы көрсетуге көмісем. Әріптерді еске сақтау қабілетін жетілдіреді.

Әріптер әлеміне саяхат сабағы балалардың көңілінен шықты деп ойлаймын.

Нарғыз ДІЛДӨБЕКОВА,
№21 «Ертарғын» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі.
Шымкент қаласы.

«Киім дүкені»

Қоғам дамуы мен адамның жеке басының дамуы бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам адамды қаншалықты дәрежеде жетілдірсе, жетілген адам қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Тәрбиесіз қоғам қоғам болудан, адам адам болудан қалады. Материалдық және рухани байлық жасап, қоғамды дамытатын адамдар. Ал, адамды соған дайындап, тәрбиелейтін - ұстаздар. Олай болса, мұғалім - қоғам мен қоғамды, ғасыр мен ғасырды

жалғастыратын буын. Тарихты жасайтын-халық, халықтың көзін ашып, көңілін оятаын, саяси қырағылыққа, сенімділікке, адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа, бауырмалдылыққа, Отаншылдыққа баулитын тәрбиеші - ұстаз.

Болашақтың балалары өте зерек, алғыр және ақылды болуы шарт. Тәуелсіз еліміздің ертеңгі тұтқасы болар азамат қазіргі заманның нарықтық экономикасына төтеп беруді маңызды. Осы мақсатта №21 «Ертарғын» бөбекжай-бақша-

сында балаларды киім түрлерімен таныстыру бойынша арнайы ашық сабақ өткізді.

Бүлдіршіндердің бір-бірімен қатынасы мен шығармашылығын арттыратын бұл сабақ дүкеннен киім сатып алу үрдісімен өткізілді.

Балабақша - бүлдіршіндерді болашақта ата-дәстүрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу - ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Р.САРМАНОВА,
№21 «Ертарғын» бөбекжай балабақшасы.

АЙҒАҚ
Медиа
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарында есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Үлжан НАУШПАБАЕВА - Бас редактор
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Тогжан НАРБАЙ - Редактор

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Бездіруші
Қарлығаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама
Олжас ҚУДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:
Астана, Алматы, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсу, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Қызылтан, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Байқоңыр.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 452 53 53

Жазылу индексі 65836

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды.

Тел: 8 (7252) 30-10-86
Тел: 8 (7252) 21-34-30
Тел: 8 (7252) 21-06-34
Факс: 30-07-25

Мемлекеттік кезекші редакторы - Әлімжан ӘЛІБЕКОВА

Редакция авторлық мақаласы мен көзірмесін, жарнама нұсқасын қауіп бермейді. Автор қолжазбасы өзгертпейді және кейі қайтарымайды. Келені үш компьютерлік беттен асып материалдар қабалданбайды. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынған, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Жарамсыз деп танылсын

*** Жеке кәсіпкер Абдиева Н.С. атына берілген 2003 жылы шыққан зауыт №АА00457916, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Бердыкулова А.П. атына берілген 2011 жылы шыққан зауыт №00500026, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «АР СТОМ» ЖШС атына берілген 2016 жылы шыққан зауыт №000001362783, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Амангелді Инжу Сапарғалиқызы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтына берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Жумахметова Р.К. атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №АА00488430, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Жумахметова Р.К. атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №8610, Микро 103 Ф маркалы кассалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Спат Руслан Даулетбаевич атына берілген сериясы 003726 әскери билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Спат Руслан Даулетбаевич атына берілген сериясы АА079-3532 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Ташимова Р.Б. атына берілген 1999 жылы шыққан зауыт №100042, ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Ташимова Р.Б. атына берілген 1999 жылы шыққан зауыт №АА23418, ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Жумабекова С.С. атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №600100 Ф, Орион-100 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Серикбаева Н.Н. атына берілген 2001 жылы шыққан зауыт №1185588, Миника 1102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Кошелов А.В. атына берілген 2011 жылы шыққан зауыт №АА01204657, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Рсалы Айдархан Әріпбай-

ұлы атына берілген №018973642 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Умирзакова атына берілген 2010 жылы шыққан зауыт №00419049, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Бек Мед Фарм» ЖШС атына берілген 2011 жылы шыққан зауыт №00423767, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Бек Мед Фарм» ЖШС атына берілген 2015 жылы шыққан зауыт №00523024, Меркурий 130 Ф маркалы кассалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер «Премьера» Турганова Г.А. атына берілген 2013 жылы шыққан зауыт №1268836, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Ак Ниет» ЖШС атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №7069823, ЭКР 3102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Ак Ниет» ЖШС атына берілген 2006 жылы шыққан зауыт №1102771, ЭКР 2102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Ак Ниет» ЖШС атына берілген 2006 жылы шыққан зауыт №1102282, ЭКР 2102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Ак Ниет» ЖШС атына берілген 2006 жылы шыққан зауыт №1102796, ЭКР 2102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Ак Ниет» ЖШС атына берілген 2013 жылы шыққан зауыт №000010159146, Меркурий 180 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Ахбаев Бегимкул атына берілген зейнеткерлік куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «RAGMURSA» ЖШС атына берілген кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Нурлыбекова А.Б. атына берілген 2012 жылы шыққан зауыт №00001573555, Миника 1102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Нурлыбекова А.Б. атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №АА00342765, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Дүйсенқызы Эльмира

(Лицензия №0013136DX ОҚО Денсаулық сақтау басқармасы, ОҚО әкімдігі 20.02.2015 жыл)

«Grand Clinica» емдеу орталығы

-Бас аурулары
-Жүрек, бүйрек, бауыр аурулары
-Омыртқа
-Гинекологиялық және ерлер аурулары
-Буын аурулары
-Ревматизм
-Гайморит
-Қан тамыр аурулары
-Инсульттің салдары
-Геморрой және т.б. ауруларды емдейді.

**«ҚЫТАЙ МЕДИЦИНАСЫ»
Қытайдан ұсыныс етілген
қытай медицинасының
білікті маманы диагноз
қойып, емдейді.**

«Гранд Клиник» медициналық орталығында заманауи халықаралық технологиясы қолданылады. Геморройдың барлық түрлерін, анальды тамырлардың, гипертрофияларын, ісіктерді, полиптерді бір тексеруден-ақ емдеуге



болады. Сондай-ақ, аппарат дәрілерді тоқ ішекке енгізу функциясын атқарады және көптеген ауруларды емдеуге әсері жоғары. Емдеу барысы ауырсынударсыз және емханаға жату қажеттілігізсіз өтеді.

(ДЕМАЛЫССЫЗ)

Мекенжайы: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 35. Тел.: 8705-359-88-88, 8 707-611-91-08

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «№55 жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін тағайындау туралы конкурс жарияланады.

**Қамқоршылық кеңестің құрамына конкурса
мына азаматтар (азаматшалар) қатыса алады:**

1. Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық құқық қорғау органдарының өкілдері,
2. Жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестердің өкілдері,
3. Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері,
4. Ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың ата-анасы немесе заңды өкілі,
5. Қайырымдылық жасаушылар.

Ұйымдастырушы: «№55 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ әкімшілігі.

Байланыс телефоны: 53-36-

Объявляется конкурс на назначение членов Попечительского совета Коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная средняя школа №55» отдела образования города Шымкент.

В конкурсе на назначение членов Попечительского совета могут участвовать следующие граждане:

1. Представителя органов местного управления, исполнительных и правоохранительных органов;
2. Работодатели и социальные партнеры;
3. Представители некоммерческих организаций;
4. Один родитель или законный представитель учащегося/выдвигаемый родительским комитетом с каждого параллельного класса данного учебного заведения;
5. Спонсоры.

**Организатор:
ГКУ общеобразовательная
средняя школа №55**

Контактный телефон: 53-36-29

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн



**Тел.: 56-17-58,
8 702-243-45-54,
8 771-670-72-37**

**Требуется
медпредставитель.
Оплата
до 180000 тг.**

Тел.: 8 707- 338-63-15

Хабарландыру

Компания базаға және бизнеске арналған 1,152 га жер учаскесін сатады. Ыңғайлы кіретін жол, жақын жерде үлкен автогүрақ бар. Бағасы келісімді. Мекенжайы: Водопольнов 3/1 көшесі, СМУ 4 және 1000 ұсақ-түйек аймағы, құрылыс материалдары нарығының жанында.

**Байланыс телефоны:
30-11-27, 8707-927-47-02**

Шымкент қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті ИЧ-167/11 мекемесінің сенім телефоны:

8 (7252) 50-51-75